

Жер астындағы жылыжай



2-бет

«Жойылсын жалғыз сөз соғыс деген»



6-бет

Рух және ринг



8-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕНБИ, 23 ЖЕЛТОҚСАН, 2023 ЖЫЛ №143 (23 319)

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

• ФОРУМ

Қолдау қанат бітіреді

Қарағанды жастарын не алаңдатады? Олардың қоғамдағы орны қандай? Талап-тілектері ескеріліп жүр ме? Сауалдарға жауап беріп, жылды қорытындылайтын «ҰСТАНҰМ'23» форумы аймақтағы 800-ге жуық жастың басын қосты. Олар мемлекеттік жастар саясатын іске асыру саласындағы тәжірибемен бөлісті. Әлеуметтік салада үздік жобалар ұсынған жастар облыс әкімінің грантына ие болды.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Пікір алмасу алаңдарында танымдық дәрістермен қатар жастарды марапаттау рәсімі өтті. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев кәсіпкерлік қолдау мақсатында, өз кәсібін дөңгелеткен жастарға екі миллион теңге көлеміндегі ақшалай сертификат табыстады.

– Облыста жастарды қолдауға және олардың өз мақсаттарын жүзеге асыруына ерекше көңіл бөлінеді. Қоғамға пайда әкелетін әлеуетті жобаларға бөлінген гранттар – белсенді жастарды қанаттандырады, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Әкім марапатына ие болған Анар Ғаниқызының жобасы ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған инклюзия орталығына бағытталған.

– Балама аутизм диагнозы қойылды. Сондықтан, осы саланы тереңірек зерттей бастадым. Инклюзия орталығын дамытуға берілген 2 млн. теңге көп көмек. Бүгіннен бастап, керекті құрал-жабдықтарды алуды бастаймыз. Қазіргі таңда кабинет ашылды, дефектолог, логопед секілді мамандар дайын. Негізгі мамандығым бастауыш сынып мұғалімі болғандықтан, балалармен жұмыс істеуді білемін, – дейді Анар Ғаниқызы.

Сондай-ақ, Қарағандыдағы көпқабатты үйлерге қабырға суреттерін көркемдік кескіндеме арқылы салып жүрген Айдар Мұңайтпасов та әкімнің грантына ие болды.

– Жұлдегер ретінде марапатталғанымна қуаныштымын. Біз муралдармен 3 жылдан бері айналысып келеміз. Осы уақыт



аралығында Қазақстанның барлық қаласында 40-қа жуық кескіндеме салдық. Ең әдемі мурал – Астана қаласындағы «Абылай хан» бейнесі. Грант қаржысына суретті жобалайтын проктор алу жоспарлануда, – дейді Айдар Мұңайтпасов.

Форумда ұстанымына берік жастардың жарқын жабаларына құлақ түрген облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын сөз алып, қарағандылық белсенділерге алғыс білдірді. Аймақтағы өзекті мәселелерді алға тартып, баспана мәселесіндегі

түйткілді тақырыптардың шешімін табатынын айтты.

– Мемлекеттің шағын моделі – жастар. Қоғамда жастар арасында қордаланған мәселелер аз емес. Өкінішке қарай, облыста ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар саны жағынан көрсеткіш жоғары.

Сондай-ақ, үй кезегінде тұрған 6000-ға жуық жетім бала бар. Сондықтан, жастар тарапынан көтерілген әлеуметтік тақырыптардың маңызы зор.

➤ 2-бет

• ТАРИФ

Бағам бағытына бағдар

Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов су тарифіне қатысты түсінік берді.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– 1 қаңтардан бастап, егістіктерге арналған судың орташа өлшенген тарифі 1 теңгеге өседі. Бұл арада біз ауызсу тарифін көтеру мәселесін қарастырып жатқан жоқпыз, – деді Нұржан Нұржігітов тілшілер сұрағына жауап бере отырып.

Министр су үнемдеу бағытында жоспарланған іс-шаралар барысына да тоқталды.

– Жалпы, су ресурстары туралы айтатын болсақ, Қазақстанда жыл сайын 100 текше шақырымнан астам су жиналады. Оның 54 пайызы Қазақстан аумағынан, 46 пайызын трансшекаралық өзендерден аламыз. Бұл – негізінен, оңтүстік, шығыс және батыс аймақтар. Қазір біз 25 текше шақырым суды пайдаланамыз. Оның 65 пайызы – ауыл шаруашылығына, 25 пайызы – өнеркәсіпке және 5 пайыздан сәл астамы – коммуналдық-тұрмыстық салаға бағытталады. Су тапшылығы мәселесі – өзекті. Министрлік әр облыспен бірлесіп, жаңа су қоймаларын салу, жұмыс істеп тұрған гидротехникалық нысандарды қалпына келтіру, суару жүйелерін жөндеу, ауыл шаруашылығындағы су үнемдеу технологияларының үлесін ұлғайту тұрғысында кешенді жоспарды әзірледі. Бұл іс-қимылдар 2030 жылға қарай 10 мың текше шақырымға дейін суды жинақтап, үнемдеуге мүмкіндік береді, – деп түсіндірді Нұржан Молдиярұлы.

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Билетке жеңілдік беріледі

FlyArystan әуе компаниясы халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау мақсатында коммерциялық рейстеріне жеңілдік беретін «Көмек» корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жобасын 2024 жылы 1 қаңдан іске қосылатынын хабарлады.

Бұған дейін компания халықтың ерекше санаттағы тобын қолдауға ниет білдірген еді. 2023 жылдың шілдесінде FlyArystan «Көмек» корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жобасының пилоттық нұсқасын ұсынып, жеңілдіктерді қарастырған.

Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен оларға теңестірілген азаматтарға, сондай-ақ, оларды ертіп жүретін жолдаушы үшін Қазақстан бойынша ұшуға 100% жеңілдік болса, 1 топтағы мүмкіндігі шектеулі жандар үшін және оларды ертіп жүретін бір азаматқа Қазақстан бойынша ұшуға 50% жеңілдік қарастырылған. Сонымен қатар, осы екі жолдаушының біріне 20 келі жүкті тегін тасымалдауға мүмкіндік беріледі.

Бұдан бөлек, 80+ жас санатындағы қарт адамдарға Қазақстан ішінде ұшуға 50% жеңілдік де қарастырылған.

Шілдеде іске қосылған «Көмек» пилоттық жобасының нәтижесінде, FlyArystan бүгінге дейін 3000-нан астам билетті жеңілдікпен ұсынды. Бұл азаматтардың белгілі бір тобының жеке шаруалары бойынша да, денсаулық жағдайын жақсарту мақсатында да жүріп-тұруына септігін тигізгені сөзсіз.

Өз тілшімізден

➤ 3-бет

Тұрақтылық пен инновацияға жол

Өзінің аты мәшһүр өнеркәсібімен қоса, көмір өндірумен тарих қатпарында танымал Қарағанды облысы бүгінде экономикасын әртараптандыруға нық қадамдар жасап, белсенді ұмтылуда. Ауыл шаруашылығы осы трансформацияның негізгі бірегей бөлігіне айналып, агроқешендегі елеулі жетістіктерінің негізінде ауық-ауық назар аударады.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өнім үлесі – тиімділік тартуы

Соңғы жылдары өңір ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін едәуір арттыруға қол жеткізді. Озық технологияларды қолдану, топырақты өңдеудің заманауи әдістерін енгізу әрі жоғары сапалы тұқым сұрыбын пайдалану фермер қауымына өндіріс көлемін ұлғайтып, шаруашылығын тиімдірек етуге сәйкес ашты.


Жыл сайын суармалы жерлердің көлемін ұлғайту мемлекет шығынының тең жартысын қолдау жолымен өңірде инвестициялық жобалар бес ауданда қанат серпіді. Осы жылы өсім шамамен төрт мың гектарды құрады.

– Облыста суармалы жерлерді қалпына келтіру бойынша жол картасы жасалды. Осылайша ауыл шаруашылығы өндірушілері 30,2 мың гектар егістік алқапты суарып, әлеуетін әлдеқайда жоғары қылды. Өсім жыл сайын өсіп ке-



леді. 2022 жылы 3,8 мың гектар, биыл – 3,9 мың гектар, 2024 жылға 4 мың гектар, – дейді ауыл шаруашылығы басқармасы-

ның өсімдік шаруашылығы және техникалық жаратандыру бөлімінің басшысы Болат Омарбаев.



Реформа – өміршең өзгерістер

Болашаққа инвестиция

Бұл бағытта айтарлықтай жаңалық бар. Фермерлер төрт түлікті азықтандыру мен күтудің заманауи әдістерін енгізу арқылы салаға әр кіргізді. Бұл өз кезегінде ет пен сүт өндірісінің артуына ғана емес, сонымен қатар, осы өнімдердің сапасының сөзсіз артуына әкеледі.

Ауыл тұрғындары «Ауыл аманаты» мемлекеттік бағдарламасының арқасында мал шаруашылығын дамытып, бизнес идеяларын жүзеге асыруда. Оны іске асыруға 3,4 млрд. теңге қарастырылып, 203 жоба қаржылық қолдау тапты.

Бағдарлама қыр елінің өмірін жақсартып, табысын арттыруға бағытталған. Қарағанды облысында осы жылдың басынан бері бастау алған. Іске асыруға 600-ден астам жобаны қолдау көзделді. Оның 247-сі мақұлданып, 203-не несие берілген.

➤ 3-бет

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Газетке 2024 жылға жазыл жүріп жатыр. Жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынсыз) балама жазылу жүргізіледі.

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)		«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)	
		6 ай	5827,65	12 ай	11783,40
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	4116	6 ай	3079,65	12 ай	6167,40
		12 ай	6159,30	6167,40	



ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 500.04

•USD/KZT 456.99

•RUB/KZT 4.97

•CNY/KZT 63.95

Қазақстан Ұлттық Банкінің 22 желтоқсан, 2023 жылғы дерегі бойынша



Қолдау қанат бітіреді



(Соңы. Басы 1-бетте)

Әрбір азаматтың бойында жат әрекеттерге қарсы тұратын «иммунитет» болуы керек. Әрбір жастың әлеуметтік мәселеге, дінге келгенде сараптай алатын белгілі ұстанымы болғаны жөн. Форумдағы әр азамат болашақ отбасының тірегі ретінде алдымен өзін тәрбиелеуі тиіс, – деді облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын.

Форумда жастар түрлі бағыттардағы форсайт-сессияларда мемлекеттік жастар саясаты саласын институционалды дамыту және креативті индустрия мен кәсіпкерлік бағыттағы дамытудағы рөлі мен үлесіне тоқталды. Кәсіпкерлік, қаржыны сақтау жайында сөз алған Finmentor.kz білім беру жобасының негізін қалаушы Арман Батаев қаржы жинауға қатысты ойларымен бөлісті.

– Жастар қаржыны жинап үйренуі керек. Қаржыны жинау арқылы көздеген мақсатқа қол жеткізуге болады. Қор нарығына инвестиция салу көлік жүргізумен бірдей. Сіз көлік жүргізуді білетін болсаңыз, бұл оңай. Бірақ теорияны үйрену үшін бірнеше ай қажет, көліктегі педальдар мен айналарға үйрену үшін бір ай және қалалық жолдардағы нұсқаушымен тағы бір ай тәжірибе қажет. Қор нарықтарына дұрыс инвестициялауды үйрену үшін сізге 3-4 ай керек. Негізгі принциптерді білу дұрыс инвестициялық шешімдерді қабылдау әдістемесін жасауға көмектеседі. Сіз бұл әдістемені

болашақта қолданасыз. Оны неғұрлым көп пайдалансаңыз, ерте ме, кеш пе, ол автоматты түрде іске қосылғанша оны іс жүзінде қолдану оңайырақ болады. Бастау әрқашан қиын және күрделі, бірақ өміріңізде бір рет болсын, осы жолмен өту керек. Қаржыны жинау болашаққа байсалды қарауға, қажет болған жағдайда оны басқаруға және реттеуге мүмкіндік береді, – деді Арман Батаев.

Сондай-ақ, жастар жергілікті және жаһандық трендтердің әсері жайлы өзара пікірталасты. Жастар ресурстық орталықтарының трендтерге атсалысуы жайлы әңгіме өрбітіп, жұмыстарына тоқталды.

Айта кеткен жөн, жастар саясатының бағыттарына басымдық беруде жастар ресурстық орталықтары белсенді қызмет жасайды. Бүгінгі таңда облыста 13 жастар ресурстық орталығы жұмыс істейді. Тікелей облыста тұратын 309 мың 285 жасқа орталықтарындағы 165 маман қызмет көрсетеді.

– Қарағанды жастар істері комитеті қызметкерлерінің жақысын арттырған алғашқы аймақ. Сондай-ақ, қазір аймақта екі ипотекалық бағдарлама жұмыс істейді. Облыс жастары жаңаша бастамаларда, волонтерлік істерге үлес қосуда, – деді Мәдениет және ақпарат министрлігі Жастар және отбасы істері комитетінің басқарма басшысы Мансия Мұхтарқызы.

Форумда аймақ өмірінен тыс қалмай жүрген жастар Алғыс хаттармен мара-

патталды. Олардың қатарында Қарағанды университеті философия және психология факультетінің магистранты Асылан Смағұлов бар. Волонтерлік қызметпен айналысатын ол қоғамдағы жастар мәселесі жайлы жиі сөз қозғап, халықтың түрлі тобы мен әлеуметтік салалар туралы талқылау жүргізіп тұрады.

– Әлеуметтік желіде өз тәжірибеммен бөлісіп, жастар саясаты хақында азаматтық ұстанымды білдіремін. Көп уақытымды өзім ашқан «Жастар дауысы» қоғамдық қорына арнаймын. Марапат – мақсат емес, қоғамдық жұмыстардың нәтижесі. Соған қарап, еңбек етуге деген құлшынысым артады, – дейді Асылан Смағұлов.

Форумның жабылу салтанатында университеттің өнерпаз жастары өнер көрсетті. Өңірдің жас кәсіпкерлері іске асырған, бизнес-шығармашылық ұжымдардың қатысуымен өткен концерттік бағдарлама көпшіліктің қошеметіне бөленді. Кештің хедлайнері Дастан Оразбековтің жанды дауыста салған әндерін жастар қосыла шырақты.

Форумға Мәдениет және ақпарат министрлігінің өкілдері, республикалық жастар ұйымдарының жетекшілері, облыстың барлық қала мен ауданның белсенді жастарынан құралған делегациялар қатысты.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ӘДЕП КЕҢЕСІНДЕ

Әдеп бұзу азайды

2023 жылы облыста әдеп нормаларын бұзған және мемлекеттік қызметтің беделін түсіретін теріс қылық жасаған мемлекеттік қызметшілер саны азайған. Одан бөлек, Әдеп жөніндегі кеңестің ұсынысы бойынша тәртіптік жауапкершілікке тартылғандар саны да төмендеген. Бұл Әдеп жөніндегі уәкілдер институты енгізуімен тікелей байланысты. Аталған мәліметтер Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Қарағанды облысындағы Әдеп жөніндегі кеңесінің биылғы жылғы соңғы отырысында белгілі болды.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Қарағанды облысы бойынша департаментінің бас маманы Дина Абаеваның мәлімдеуінше, 2022 жылы қызметтік әдеп нормаларын бұзған 16 адам жауапқа тартылып, бұл көрсеткіш биыл 17%-ға төмендеген. Яғни, 7 адам. Одан бөлек, әкімшілік жауапкершілікке тартылған мемлекеттік қызметшілер саны да кеміген. Атап айтсақ, 2022 жылы – 315 адам, биылғы тоғыз айда – 286 адам.

– Әдеп жөніндегі уәкілдердің рөлі қызметтік әдеп нормаларын бұзудың алдын алу институты ретінде өзінің қажеттілігін көрсетті. Өйткені, жыл сайын қызметтік әдеп нормаларын бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылатындардың саны азаюда, – дейді Дина Қанатқызы.

Жалпы, Әдеп жөніндегі уәкіл лауазымы облыс әкімінің аппаратында ғана. Ал, қалалар мен аудандарда бұл функция басшылық қызмет атқаратын адамдарға жүктелген. Олар әкім аппаратының басшылары, жекелеген мемлекеттік органдарда әкім орынбасарлары, бөлім басшылары.

Департамент қызметкерлері өткен жылдың сойыс кезеңімен салыстырғанда 2023 жылдың 9 айында Әдеп жөніндегі уәкілдердің қызметіне талдау жүргізген. Талдау уәкілдердің есептік деректерін және мемлекеттік қызметшілер тарапынан заң бұзушылықтардың жай-күйін зерделеу, сондай-ақ, мемлекеттік қызметшілер арасында анонимді сауалнама арқылы жүргізілген.

– Талдау көрсеткендей, 2023 жылы өткен жылмен салыстырғанда Әдеп жөніндегі уәкілдер қызметінің жекелеген көрсеткіштерінің жақсаруы да, төмен-



деуі де бар. Атап айтқанда, қаралған өтініштердің саны 23%-ға, сауалнамаға қатысушылардың саны 15%-ға артты. Бұл ретте, түсіндіру іс-шаралары 25%-ға, уәкілдердің өңірлерге шығуы 9%-ға, жеке қабылдауда болған азаматтар саны 47%-ға, сондай-ақ, көрсетілген консултациялар саны 30%-ға азайды. Көрсеткіштердің төмендеуіндегі бірден-бір себеп – Қарағанды облысының бөлінуі. Өйткені, 2022 жылдың бірінші жартыжылдығындағы есепті мәліметтер Жезқазған өңірін ескере отырып жіберілді, – дейді Дина Абаева.

Уәкіл жұмысының тиімділігіне қарамастан 2016 жылдан бірқатар қалалар мен аудандардағы әкім аппараттарында Әдеп жөніндегі уәкілдер қызметкерлердің қарлдық ауысуына байланысты орта есеппен 3 рет өзгерген. Бірақ, Шахтинск қаласы әкімі аппаратының уәкілі аталған институт енгізілген сәттен бастап, өз функциясын атқарып келеді.

Департамент Әдеп жөніндегі уәкілдердің қызметін бағалау үшін анонимді сауалнама жүргізген. Бұның қатарында

жергілікті атқарушы органдардың қызметшілері арасында ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалды бағалау да бар. Нәтижесі қызметкерлердің ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалдың жай-күйіне қанағаттанатынын көрсеткен.

Бірақ, бас маман жақсы көрсеткіштерге қарамастан, бірқатар мемлекеттік органдарда ұжымдық климатты жақсарту үшін шаралар қабылдау қажеттігін де

жөкка шығармайды. Олардың қатарында Жер ресурстарын басқару департаменті, Экология департаменті, сондай-ақ, Сот әкімшілігі департаменті бар.

Кеңес барысында Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы Ербол Жолданғар облыс әкімі аппаратының әдеп жөніндегі уәкілі Қорлан Бекімоваға аталған органдардағы уәкілдердің жұмысын назарға алуды тапсырды.

Одан бөлек, отырыс барысында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Қарағанды облысы бойынша департаменті превенция және парасаттылық басқармасы басшысының орынбасары Арыслан Мыңғышевтің де баяндамасы тыңдалды.

Нәтижесінде, қала және аудан әкімдеріне, мемлекеттік органдардың басшыларына сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі талаптарды, оның ішінде Әдеп жөніндегі уәкілдер тарапынан мүлтіксіз сақтау жөнінде тұрақты шаралар қабылдау ұсынылды.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ЖОБА

Жер астындағы жылыжай

Облыста алғаш жерасты термос-жылыжайы ашылды. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің биология-география факультеті мұрындық болған жобаны аймақ ғалымдары 15 жыл бойы армандапты. Еліміздегі үшінші жылыжайдың бір ерекшелігі – Арқаның саршұнақ аясында ауа райы – 28 градусты көрсеткенде, жерасты жылыжайындағы температура +25 градус. Ғалымдар термос-жылыжайдың ел игілігіне жұмыс істейтініне сенімді.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жылыжай жұмысымен танысқан облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев факультет оқытушыларының еңбегін ерекше атап, өз тарапынан қолдау көрсететінін айтты. Аймақ басшысының назарына жас өскіндер, герман сортты қиярлар, сондай-ақ, гүлдер мен өсімдіктер өсірілетін екі зал көрсетілді.

қыста суықтан, жазда ыстықтан сақтайды. Ауданы – 270 шаршы метр болғандықтан, алдағы уақытта қарбыз, орхидея және ағаш көшеттерін өсіру жоспарлануда.

– Қарбыз тұқымын отырғыздық, өскіндер шықты. Болашақта басқа да бақша дақылдарын, күтімді талап ететін орхидеяларды өсіруге тырысамыз. Жас өскіндер мен көкөністерден студенттерге смузи дайындаймыз, – дейді биотехноло-



– Жерасты жылыжайы – қала үшін, студенттер үшін де жақсы бастама. Бұл – біз үшін қоғалдандыруға арналған өсімдіктер мен ағаштарды орналастыратын, ал, студенттер үшін зерттеу жұмыстарына арналған өндірістік база. Университеттің бастамасын қолдауға дайынбыз, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Биология-география факультетінің деканы Серікболат Талжановтың айтуынша, жылыжай бір ай бұрын жұмыс істей бастады. Осы уақыт аралығында гүлдер мен көкөністер отырғызылды.

– Бастапқыда жер бетіндегі жылыжай салу жоспарланған, бірақ, ол – эргономика тұрғысынан тиімсіз. Солтүстік Еуропа елдерінің тәжірибесін зерттеу арқылы осындай жобаның жоспарын ойладық. Олардың климаты біздікіне ұқсас және Ұлытау облысында да осындай жылыжай бар екенін білдік. Сонда барып, есептеулер жасадық. Жылыжай аяздың алғашқы сынағынан өтті. Көкөністер мен жас өскіндерді өсіріп қана қоймай, агротехнологияны дамыту үшін білім беру, зерттеу және өндіріс базасын құруға ниеттіміз, – дейді Серікболат Талжанов.

Жылыжай жер үстінен 3,5-4 метр тереңдікте. Еден мен қабырғалары қыс айларында температураны +5-10 градустан төмендетпей, жылы ауаны бірқалыпта ұстауға мүмкіндік береді. Өсімдіктерді

және экомониторинг зерттеу паркінің жетекшісі Маргарита Ишмураева.

Өсірілген қияр, қызанақ және шөптер университет асханаларында қолданылмақ. Ал, гүлдер мен ағаш көшеттері университет аумақтарын қоғалдандыру үшін, қаланы безендіруде мөнге ие. Жас өскіндерді өсіру жобасын Қару түлегі, жаратылыстану ғылымдарының магистрі және PhD докторы Арайлым Серікбай табысты жүзеге асыруда. Ол өз идеясын Қарағанды әкімі грантының арқасында ойластырған. Жылдан астам уақыт бойы өнімдерін қаладағы сауда орындарының біріне және екі асханаға жеткізіп келеді.

Университет ғалымдары алдағы уақытта кампус пен қаланы қоғалдандыруда пайдаланатын өсімдіктерді көбейтпек. Сол мақсатта термос-жылыжайда Орталық Қазақстанның климаттық жағдайларына бейімделген жеміс-жидек дақылдарының топтамасын қалыптастырмақ. Қазіргі таңда жылыжай маңында 700-ден астам қылқан жапырақты және жалпақ жапырақты өсімдіктер бар. 200 пирамидалық терек, 60 тал, сондай-ақ, шырша, қайың, үйеңкі, алма ағаштары, долана, жабайы алма ағаштары өсіп тұр.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ТАҒАЙЫНДАУ

Төраға тағайындалды

Облыстық соттың төрағасы Ерден Әріпов сот ұжымына және құқық қорғау органдарына Қарағанды қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының жаңа төрағасын тағайындады.

Амантай Әбдіқамалов Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 11 желтоқсандағы №410 Жарлығымен тағайындалған.

Ерден Әріпов Қарағанды қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасын таныстыра отырып, оны судьялар корпусында өзін таныта білген жоғары білікті маман ретінде сипаттады.

Амантай Жұмаділдаұлы бұған дейін Қарағанды облысының Шет аудандық сотының төрағасы болып жұмыс істеген. Мемлекеттік қызмет өтілі 24 жылдан асады. Оның ішінде судьялық еңбек өтілі – 16 жыл.



Тұрақтылық пен инновацияға жол

(Соңы. Басы 1-бетте).

Жергілікті билік осы сынды әртүрлі бағдарлама мен ұтымды бастамалары жолымен ауыл шаруашылығын белсенді қолдау амалдарын қарастырып келеді. Инвестиция игілігін соны мүмкіндіктері инфрақұрылымды барынша жаңғыртуға, жабдықтарды сатып алуға және фермерлерді оқытуға бағытталу үстінде. Әлбетте, мұндай бастамалар қатары аграрлық сектордың тұтас жүйесінің жағдайын жақсартып, жергілікті өнімнің жаһандық бәсекеге қабілетін арттыруға игі ықпал етеді.

Агротуризм көкжиегі
Облыстың ауылдық мекендері туристер үшін тартымды. Күні кешегі пандемия уағында демалыс орындарының көбі жұмысын тоқтатқан шақтағы «Құдайы қонаққа» ауыл шаруашылығы жергілікті дәстүрімен кеңінен танысуға, егін орағына қатысып, фермадағы өмірді өз көзімен көруге таптырмас мүмкіндік ретінде қадірлі топқа шықты. Кәсіпкер Елдос Қайыров ферма ашу жөнінде толғанып



жүргенін жасырмады.
– Біраз ферма атаулы қазір өзін жоғары деңгейге көтеріп үлгерді. Келешекте мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығының экологиялық таза өнімін өндірсек пе деген ниет

бар. Яғни, ешқандай тыңайтқышсыз немесе химиялық заттарсыз. Сондай-ақ, оған сатып алушылар келе алады, өнімдерді өз көзімен көре алады, өздері үшін бір нәр сені таңдай алады. Эко-ферманы агротуризмді дамыту үшін де

қарастыруға болады. Қысқасы, шалғай жердің мейманы тауарларды сатып алып қана қоймай, сол жерде демала алады. Мысалға келсек, Астана, Алматы, Шығыс Қазақстанда атаулы жерлер бар көрінеді. Ә деген бетте қиындықтар туары рас. Бірақ тірнектен, істі тынақтауға болады, – деп пайымдайды Елдос.

Сөз соңына таман агротуризм облыс ауыл шаруашылығының болашағы үшін үмітін үкілейтін көрініс десек, жаңылыспаймыз. Артықшылығын безбенте салар болсақ, ауыл туризмі ірі агрохолдингтермен бәсекелестікте фермерлік экономиканы қолдауға көмектеседі. Саланың дамуы иесіз, бос жерлерге жаңа өмір сыйлауы бек мүмкін. Осының арқасында жергілікті бюджеттер салық түсімдерінің жаңа көзін тауып, ал, ауыл жастарды туған жерлерінде қалуға әрі қызықты жаңа бизнесті дамытуға ынталандырады. Фермер, мемлекеттік орган және бизнес арасындағы инновация, тұрақтылық әрі ынтымақ агроөнеркәсіптің өркендеуіне қолайлы ахуал қалыптастыруға сеп.

Қарағандының үлесі басым



Еліміз Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында жариялаған және халықтың өмірін жақсартуға бағытталған жаңа экономикалық модельге көшуді бастады.

Ол үшін еліміздің мықты өнеркәсіптік негізін қалыптастыруға баса маңыз берілген құрылымдық экономикалық реформалар белгіленді.

«Өңдеу саласын жедел да-

түрде іске қосылды. Қуаттылығы жылына 400 мың тонна болатын кәсіпорында 184 жұмыс орны ашылды. Арнайы кокстан бөлек, зауытта жылына 72 мың тонна көмір шайыры мен көмір майын



мытуға баса мән беруіміз қажет.

Біз ел тағдыры үшін айрықша мән бар бірқатар жобаны жүзеге асыруымыз керек. Экономиканы әртарапандыру бұрынғыдан да маңызды міндетке айналууда. Бұл ретте металды терең өңдеу, мұнай-газ және көмір химиясы, ауыр машина жасау, уранды конверсиялау және байыту, автобөлшектер және тыңайтқыштар шығару сияқты бағыттарға айрықша назар аударған жөн. Басқаша айтсақ, жоғары деңгейде өңделген өнім шығаратын кластер құру керек», – делінген ел Президентінің халыққа Жолдауында.

Өңдеу өнеркәсібінде жалпы құны 488 млрд. теңге болатын 126 жаңа жоба іске қосылды. 8,9 мыңға жуық тұрақты жұмыс орны ашылды. Жұмысқа орналастыру шараларымен қалалар, моноқалалар және ауыл тұрғындары қамтылууда.

Негізгі және маңызды жобалар қатарында Қарағанды облысында ашылған бірнеше жоба бар.

Қараша айында Қарағанды облысында арнайы кокс шығаратын аukumды жоба техникалық

өндіру де жоспарланып отыр.

Қараша айында Саран қаласының индустриалдық аймағындағы Silk Road Electronics зауытында отандық тұрмыстық техника өндірісі ашылды.

Автоматтандырылған кәсіпорында Artel брендімен сужулықтың, шаңсорғыштар, ас үй плиталары, шағын пештер, ас үй ауасын тазартқыштар, жартұрай автоматты кір жуғыш машиналар мен теледидарлар сияқты жеті түрлі өнім шығарылады. Зауыт 2025 жылға қарай толық қуатына шыққанда жылына 1,1 млн. дана өнім шығаратын болады.

Қарағанды облысында ашылған тағы бір маңызды жоба – қуаттылығы жылына 330 мың тонна ок шығаратын зауыт. Импортты алмастыруға зор үлес қосатын кәсіпорынға «Қарапайым заттар экономикасы» мемлекеттік бағдарламасы аясында қолдау көрсетілді. Зауыт республиканың әтқасқа қажеттілігін толық жабады деп күтілууда.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Суретті түсірген Жангелді ӘДІҒАЛЫМ

РЕСМИ

Жаңа жылды қарызсыз қарсы алыңыз


Облыстың 44 мың тұрғыны мүлік пен көлік салығын уақытлы төлемеген. Есесіне берешек сомасы 883,9 млн. теңгеге жеткен. Бұл туралы Қарағанды облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің өкілі Медет Түсіпов мәлімдеді.

Ерканат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Егер салық мерзімінде төленбеген жағдайда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 1,25 еселенген базалық мөлшерінде төленбеген сомаға өсімшүл есептеледі деген есе саламыз. Ал, бір айлық есептік көрсеткіштен асатын берешек көлеміне тиісті салық бұйрығы бекітіліп, аймақтық сот орындаушылар палатасына орындау үшін жолданабақ. Өз кезегінде сот орындаушылары «Атқарушылық іс жүргізу

туралы және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңға сәйкес, борышкердің мүлкі мен банк шотын қолдануға тыйым салып, Қазақстан Республикасының тысқары жерге шығуға шектеу сынды амалдар қолданады, – деп түсіндірді Медет Көмекбайұлы.

Белгілеп айта кететіні, борышкер есебінен сот орындаушысының қызметі үшін өндіріп алу сомасына қарай үш пайыздан жиырма бес пайызға дейінгі көлемде ақы төлеу қарастырылған. Осылайша, қарызға батқан азамат сот орындаушысы-



ның да қызметін төлейді. Салық берешегінің бар-жоғын Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің kgd.gov.kz ресми сайтындағы «Электрондық қызметтер» бөлімі, egov.kz электрон-

ды үкімет порталы, «Кеден және салықтар» бөлімінде, немесе «E-Salyq Azamat» мобильді қосымшасының «Электрондық қызметтер» бағанына өтіп тексеруге болады.

БРИФИНГ

Сақтанған сау жүреді

Қазір жіті респираторлық вирусты инфекция (ЖРВИ), тұмаудың өршіп тұрған кезі. Болжам бойынша, облыста тұмаудың А түрі тіркелуде. Бүгінгі күні еске алмаған адамдар арасында А3 тұмаудың зертханалық расталған 45 жағдайы тіркелді. Оның 15-і – балалар. Ал, ЖРВИ жұқтырғандардың қатары 40 мыңға жуықтайды.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Наукастар екі есе көп

Облыстың санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті ұсынған дерек бойынша 1 қазаннан бері 38 311 адам жіті респираторлық вирусты инфекциямен ауырған. Оның 62%-ы – 14 жасқа дейінгі балалар. Өткен жылмен салыстырғанда ЖРВИ-мен сырқаттанушылық 2 есе өскен.

– Эпидемиология маусымда мектеп оқушылары арасында ЖРВИ-мен сырқаттанушылық – 17%. Оның ішінде, 10 оқушы тұмаумен ауырды. ЖРВИ-мен сырқаттанушылықтың алдын алу мақсатында департамент мониторинг жүргізеді. Қазіргі уақытта тұрғындар және оқушылар арасында сырқаттанушылық белгіленген деңгейден асқан жоқ. Осыған байланысты шектеу іс-шаралары енгізілмеді, – деді департамент басшысы Юрий Залыгин. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте.

Оның айтуынша, айналымда тұмаудан басқа, оған ұқсас вирустар бар.

– Бүгінге дейін ЖРВИ белгілері бар 761 науқас таңдауы зерттелді. Тұмаусыз вирустардың үлес салмағы зерттелген сынамалардың жалпы санының 30%-ын құрады. Риновирус – 42%, респираторлық-сенцитиальды вирус – 16% және парагрипптің 8%-ы анықталды, – деді департамент басшысы.

Қызылша әлі де қауіпті

Брифинг барысында мәлім болғандай, осы уақытқа дейін қызылшаның зертханалық расталған 612 жағдайы тіркелді. Оның 71%-ы – 14 жасқа дейінгі балалар

арасында. Дерек бойынша қызылшамен негізінен, екеп алмағандар ауырады. Олардың үлесі – 86%.

– Қызылша ауруы белгілі бір топтарда тіркелуде. Вирустың таралуы вакцинацияланбаған балалар арасында жиі кездеседі. Бүгінгі таңда 65 мектепке дейінгі балалар ұйымында 140 бала, 84 жалпы білім беретін мектепте 174 оқушы инфекция жұқтырды, – дейді Юрий Залыгин.

Қызылша вирусы ауада немесе кез келген заттың бетінде екі сағатқа дейін белсенді. Дерт жұқтырған адам бөртпе пайда болғанға дейін 4 күн және одан кейін 4 күн ішінде айналасындағыларға жұқтыруы мүмкін.

Елде ұлттық профилактикалық егу күнтізбесіне сәйкес қызылшаға қарсы жоспарлы вакцинация 1 және 6 жастағы балаларға жүргізілетіні мәлім. Бірқатар инфекциядан қорғаныс пайда болуы үшін халықтың профилактикалық егулермен қамтылуы кемінде 95% құрауы тиіс. Осыған байланысты халықтың имундық қорғанысын нығайту мақсатында қосымша имундау туралы шешім қабылданды.

– Облыста 2023 жылғы 6 қарашадан бастап, 6 айдан 11 айға дейінгі және 2 жасдан 5 жасқа дейінгі балаларды қызылшаға қарсы қосымша жаспай имундау жүргізілууда. 20 желтоқсандағы жағдай бойынша, облыста екеп алуы тиіс адамдардың 76%-ы оны алды. Қосымша жаспай имундау аясында қызылшаға қарсы екепні 17 435 адам алды. Оның 14 497-сі – жасына байланысты балалар. Вакцинаға қандай да бір реакция тіркелген жоқ.

Қызылшаға, қызамық және паротитке қарсы қазіргі уақытта қолданылып отырған аралас вакцина, әлемде, оның ішінде, Қазақстанда қолданудың көптеген жылда-

басшысы тұтынатын азық-түлік пен мерекелік тағамдарға қатысты да бірқатар ескертпелер бар екенін еске салды.

– Бүгінгі таңда суши, ролл, қауап,



рында өзінің қауіпсіздігі мен тиімділігін растаған, – деді спикер.

Сонымен қатар, ол ата-аналарды екептен бас тартуға шақырды.

– Жаңа жылдық мерекелер қарсаңында әртүрлі себептермен қызылшаға қарсы екеп алмаған балалардың ата-аналарына көпшілік жиналатын орындарға баруды, түрлі мәдени-бұқаралық іс-шараларға қатысу, сауда-ойын-сауық орталықтарындағы ойын аландарына баруды шектеу қажет. Сондай-ақ, әлемдегі қолайсыз жағдайды ескере отырып, алыс, жақын шетелдерге, сонымен қатар, ел ішінде сапарларды жоспарлау кезінде, балаларыңызға қызылшаға қарсы екеп салдырған дұрыс. Аурудың алғашқы белгілері, яғни, дене температурасының жоғарылауы, бас ауруы, әлсіздік, сонымен қатар, бөртпелер пайда болған жағдайда дәрігерге көрініп, қызылшаға тексеріліп, оның барлық ұсыныстарын орындау керек, – деп ескертті Юрий Леонидович.

«Ауру – астан»

Мерекелер қарсаңында қоғамдық тамақтану объектілерінде корпоративтік кештер мен салтанатты іс-шаралар өткізу жоспарланатыны белгілі. Департамент

кремді кондитерлік өнімдерді дәмхана, мейрамханаларда немесе әртүрлі жеткізу қызметтері арқылы үйге тапсырыс беруге болады. Үйде мерекеге дайындалу кезінде, майонез қосылған салаттар мен үйде дайындалған консервілер жиі қолданылады. Осыған байланысты, санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті тағамдарды дұрыс таңдау және дайындау бойынша негізгі ережелерді ұсынады. Азық-түлік өнімдерін сенімді жерден сатып алу, шығу тегі белгісіз, атауы, құрамы туралы ақпараты, шығарылған күні, жарамдылық мерзімі және сақтау шарттары жоқ, сондай-ақ, үйде дайындалған тамақ өнімдерін сатып алмау керек. Салат, туралған ет пен балықтан жасалған бұйымдар, үйде құйылған желе, тағамның қалдықтарын бір тәуліктен артық сақтамау керек, – деді ол.

Бұл ретте тағам дайындау кезінде тазалық сақтау, тұтынатын өнімдерді жақсылап жуу, цитрусты жемістерді көп жемеу сияқты да кеңестерді ескерген жөн.

Мереке қарсаңында сауда орындарында сатылатын тәтті сыйлықтар самсап тұрады. Ең алдымен, компьютер мен басқа да тәтті сыйлықтар айналысқа шығар алдында декларациялау нысанында сәй-

кестікті міндетті бағалаудан өтуге тиіс екенін білу қажет. Сатып алмастан бұрын сыйлықтың қаптамасын қарап, оның жабық және тұтас болуын, жарамдылық мерзімін, дайындаушы, оның орналасқан жері, кондитерлік өнімдердің құрамына кіретін ингредиенттер, құрамдас өнімдердің тізімі, тағамдық құндылығы, сақтау шарттары туралы, сондай-ақ нарықтағы өнімнің бірыңғай ЕАС айналым белгісінің, аллергиялық реакцияларды тудыратын ингредиенттер туралы ақпараттарға назар аударған абзал.

Ойыншықты ойынып алу керек

Сонымен қатар, әр ата-ана баласына сыйлыққа ойыншық алуға тырысады. Бұл жерде де таңдау мол. Департамент басшысы бұл таңдауда да абай болу керектігін айтады.

– Ойыншық таңдағанда, оның таза болуы маңызды. Жасалған материалға назар аударыңыз, өткір жиектері болмауы керек. Сонымен қатар ДСП, МДФ, фанера қолданылмаған, табиғи материалдардан жасалған ойыншықтарға артықшылық берген жөн. Ойыншықтардың жағымсыз иісі, дыбысы қатты болмауы керек. Қанық түсті ойыншықтардан аулақ болыңыз, өйткені олар улы бояғыштармен және ауыр металдардан жасалуы мүмкін. Балаларға зорлық-зомбылыққа әліктетітін немесе психоэмоционалды жағымсыз әсер ететін ойыншықтар сатып алмаңыз, – деді Юрий Леонидович.

Жаңа жылдық тәтті сыйлықтар мен ойыншықтарды қолдан немесе белгісіз сауда орындарынан емес, тек мамандандырылған дүкендерден алған жөн. Себебі, оларда сәйкестік туралы сертификат пен сәйкестік туралы декларацияның болуы міндетті.

Егер, ата-аналар тәтті сыйлықтардың сапасы мен қауіпсіздігіне күмәнданған жағдайда, оларға қатысты кеңес алу үшін облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментіне немесе орналасқан жері бойынша аумақтық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармаларына жүгіне алады.

• ҰЛТ ПЕН РУХ

Қоршаған орта

Серік АҚСҰҢҚАРУҒЫ

Басы газеттің №№ 86, 89, 92, 95, 100, 103, 106, 112, 115, 118, 123, 126, 135 сандарында)

Күншілдік – дерт

Күншілдік – өзгенің мықтылығы мен өзіңнің әлсіздігіңді мойындаудан туған құбылыс! (Бауыржан Момышұлы).

Сейілдің жүрегі

Мексиканың гитарасын қазақтың қара қобызындай боздатқан Сейіл Аяғанның жұлдыздық жүрегі лүпілдеп соғып тұрса, қазақ ғаламдасудың қандай қатал тезін болсын, қаймықпай қарсы алып, осы заманғы өркениеттің өрінде отыратын болады! Жай отырмайды, малдасын құрып, қасқайып отырады!

Ұлттың намысы

Алаштың ардақты перзенті Әлихан Бөкейханов Ресейде білім алып жүргенде достарымен бірге орманға барады. Бір кезде оларға орман шегіндегі тасты көтеру керек болады. Өзімен бірге келген әр түрлі ұлттың азаматтары тасты көтеруге әрекет жасайды. Бірақ тас орнынан қозғалар емес. Кенет Әлихан Бөкейханов тасты көтеріп алады, көтеріп қана қоймай, біраз уақыт ұстап тұрады. Жолдастары таңғалып: «Мұны қалай көтердің?» деп сұрайды. Сонда Әлекең: «Мұны көтерген мен емес, – ұлттың намысы!» деп жауап берген екен.

Ағылшын мен орыс

Құран ағылшын тіліне 126 рет аударылған. Орыстар Петр І-дің кезінен бері небәрі 12 тәржіма жасаған?

Екі халықтың интеллектуалдық деңгейі осыдан-ақ көрініп тұр.

Тәңірінің сәулесі

Екі көзімен төрткүл дүниенің ғажайыбын көріп, шөлып, түйсіну өз алдына, – түсіну де мүмкін емес, төбеңде Тәңірінің сәулесі түсетін тесік болмаса? Көз алдың суқарғағы болады да тұрады.

Алаяқ

Егер сен біреуді алдап, қапы қалдырып кетсең, бұл оның ақымақтығын емес, сенің біреудің сенімің аяққа таптап кеткен алаяқтығыңды көрсетеді! (ФБ).

Бүгін осыны оқып, өзіммен-өзім мәз болып отырмын. Мені де талай қу алдап, арбап кеткен. Талай рет «Неткен ақымақпын!» – деп, өзімді-өзім сөгіп едім. Қате екен, – мен ақымақ емес екем, – анау сұм алаяқ екен ғой!

Күміс күлкі

«Тұра тұр, төрт минут сөйлеуім керек!»

Сексенінші жылдардың орта тұсы. Ол кезде Қарағанды телевидениесінің күнделікті көлемді хабарлары көбіне эфирге тікелей шығатын еді. Өйткені, бағдарламаларды күні бұрын жазып алуға бейнетаспалар жетіспейді. Сондықтан, амалсыз тікелей эфирге шығуға тура келетін. Ал, оның қиындықтары жетіп артылады...

Мамыр айының басында ауыл шаруашылығына арналған кезекті «Жазира» хабарын дайындауға кірістім. Аудандар мен ауылдардан кісі шақыру қиын. Ол кезде байланыс жүйесі мықты емес. Қазіргідей ұялы телефон жоқ. Әйтеуір, жүгіріп жүріп басын қосасың. Алыстан келгендерге қонақүйден орын алып беруін керек. Бола қойса жақсы, болмаса, амал жоқ, басыларына жалынып, есің шығады. Қайсыбірі ауылдан автобуспен келеді, оны күтіп алуың қажет. Кейде қайтарға билет табылмайды. Осындай қолбайлау сәттер жиі кездесетін.

Бір күні абырой болғанда хабарға шақырған қонақтарым уақытылы келді. Түстен кейін бастарын қосып, айтар мәселемізді айқындап алдық. Тақырыбымыз – ауыл шаруашылығындағы атқарылып жатқан ауқымды іс-шараларға арналды.

Олардың арасында Нұра ауданына қарасты Чкалов совхозы партия ұйымының хатшысы Тельман Әлімбаев, Осакаров ауданындағы Маржанкөл совхозының директоры Өміртай Балтин, Қарқаралы ауданының шопаны,

Ұлттың басын тұлға қосады

Қазақ ұлы тұлғаларының қадір-қасиетіне жетіп, тірісін құрметтеп, өлгенінің аруағына тәу еткен күні ұсақ-түйек ру-рудан сүттей ұйыған бір кемел ұлтқа айналар еді.

«Незаменимых людей нет...»

Сталиннің «Незаменимых людей нет» деген бір ауыз сөзі Тұлғаны тобырдың аяғына жығып берді! Еңсесі биік ел болғысы келетін жұрт, бәсекелес елу елдің қатарына ұмтылған ел осындай оспалар ойдан іргесін аулақ салуы керек. Жақсымыздың бірде-біреуін жатырмауымыз хәм жағасынан алмауымыз керек! Өсектеп, өлтіріп! Қара бояу жағып, қара лап біттік қой!

«Единица кеткенде, не болады өңкей нөл?» – деп Абай бекер айтпаған. Ұлттық тұлғалардың тарихтағы орны қашан да бөлек болады. Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынның, Қаныш Сәтбаев пен Мұхтар Әуезовтің, Мұхтар Мағауиннің орнын жоқтатпайтын балама тұлға бар ма?! Жоқ әлі!

Алла мен Алаш

(Мәңгілік пен уақытша)

Біздің елде біреуден кек алу деген кесепатты ой болмаған! Теледидардағы үнді мен түрік сериалдарын көрген сайын қазақ халқының ұлылығы мен сұңғылалығына күннен-күнге көзім жетіп келеді. Бізде бір-бірімізге деген наз, өкіп, тіпті, ашу-ыза да бар, бірақ, кек жоқ қой?!

Тарихтың ұзына бойына қыдырта көз шалыңыз, Қалмақ қырғыны («Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама») – «Елімай!» – деген зарлы әнге, Ақ патшаның наместнигі Жәңгір хан мен Исатайдың текетіресі Махамбет пен Шернияздың кекті жырлары мен Құрманғазының күйлеріне, орыстың зорлығы Мұрат пен Шортанбайлардың қасіретті өлендеріне, Алаштың азабы Абай мен Мағжан, Қасым мен Мұқағалилардың поэзиясына айналып кеткен!

Ғаламда түкке тұрмайтын күйкі тіршілік, күнкөріске мәз болмай, өмірдегі өзекті дүниенің бәрін өнерге айналдырған қазақтай ғажайып жұрт жоқ! Атырау-Арқа-Алатау-Алтайға дейінгі аймақты алып жатқан Алаш елін Алла сол үшін де алқап тұр ғой! Алашты, оның аяулы ұлдарын аяқтан шалғандарды Алла тезге салады! Өйткені, Ол күнделікті, уақытша, пендеуи дүниелерден гөрі, мәңгілік, баянды, тәңірі құбылыстарды жақсы көреді.



Нұрғиса Тілендиев

Бүгін – ұлы Нұрғисаның туған күні! Қызыл-қырғын империяның заманында дүниеге келіп, оны бодан қазақтың ән-күйіне тәнті қылған Нұрғиса – бұл! Қазақтың әні мен күйін анти-адамзаттық аждаһадан аман алып қалған – осы!

Тәңірі қазақ халқының қанына – нұр, жанына – жыр құйғысы келген күні Нұрғиса Тілендиевті жаратты! Бірінші сәуір біз үшін сайқымзақ күлкі күні емес. Ұлы Нұрғисаның туған күні! Біржылдап күлетін күн емес, – мағмұрланып шалықтап, аспанға шарықтап жүретін күн бұл!

Топырағың торқа болғай, Нұраға! Өзінің ұлттық интеллигенциясына теріс қараған елге Құдай да назар салмайды!

Акселеудің құлпытасы

«Көктегі Күнге, жердегі еліме мейірім қанбады». Акселеу.

Қайран шешемнің бір сөзі

Қайран шешемнің бір сөзі бүгін ойыма түсіп, ішімнен егіліп отырмын: «Ой-өрісі, түсінігі мен білігі өзіңнен төмен пенделердің маңына жолама, – деп еді, – солардың деңгейіне қалай түсіп кеткеніңді өзін де білмей қаласың! Өзіңнен биіктеу тұрған адамдардың қасында жүр; олардың жеткен биігіне жете алмауың мүмкін, бірақ, олардан төмен құлдырап кетпейсің ғой?!».

Ананың көңілі – балада, менің көңілім – далада болған екен!.. Сол аланғасарлығым таңдайыма татыды...

Петр мен мешіт

(Империя мен тәуелсіз ел)

«Екатерина II патшайымның Ресей қол астында болған мұсылман халықтары үшін сіңірген тағы бір айтарлықтай «еңбегі» – Осман Ибраһим деген молдаға Қасиетті Құранды аудартып, «қырғыздарға» (қазактарға) таратуы болды. Динтанушылардың пікірінше, Құран мәтіні көп өзгеріске түскен. Ол кітап 1789-1798 жж. арасында 5 рет басылды» (ФБ) – деп жазды біреулер кекесіңге толы ащы мысқыл-мен. Соған тағы біреулер ол Құранды қасақана теріс аударып, мұсылмандарды өздерінен кемсітті дегенді пікір қосып

жатыр.

Меніңше, бұл – тарихи факт. Екатерина II-нің I Петрден гөрі өрелі болғанын көрсетеді. Бұ жерде астарлы басқа тұқ те жоқ. Қасиетті кітапты дәл бүгінгідей көркем тәржімайла алмаса, сол заманның деңгейі сондай болған шығар.

Петр не істемеді? Бір сапарында ол Кама өзенінің жанынан өтіп бара жатқанда, құшылық үйін көріп қалады. Христиандық әдетімен сауағын маңдайына көтеріп, шоқына бергенде, жанындағылары мұның мұсылман мешіті екенін айтады... Бұлқан-талқан ашуланған патша, әлгі гимаратты қиратпақ болады! Жергілікті татарлар алдап-сулап, райынан әзер қайтарыпты. Бұл мешітті қазақ ханзадасы Ораз-Мұхаммед салдырған екен.

Қазақ орыстың бір шіркеуін бұзыпты дегенді естіген кім бар? Жоқ, әрине. Бұл – тарихи факт. Қара шекпенділер қазақ Сахарасына шұбыра көшіп келгенде бізден әлдеқайда аз хәм қауқарсыз, аш-арық ел еді. Жергілікті жұрт соларға зорлық жасады, не қорлық көрсетті деген бір оқиға бар ма? Жоқ!

Отарлық, зорлық-зомбылық заманы көзден бір ұшып, Қазақстанның тәуелсіз Республика болғанына биыл, міне, 24 жыл. Санасында санылауы бар бірен-сараны болмаса, осылар, ел иесі, жер иесі еді ғой деп, әлі іші-бауырымызға кірмей жатыр. Неге? Әлде, бұллар баяғы империя қайта айналып келе ме деп, әлденені күтіп жүр ме?!

Ол заман енді жоқ! Қазақ Елінің заманы басталды! «Еңкейгенге – еңкей, – ол – біреудің құлы емес, шалқайғанға – шалқай, – ол Құдайдың құлы емес!» – дейтін Мәңгілік Елдің заманы келіп тұр!

Бұлғаков пен Бұлғақовтар

ФБ-да әдебиет туралы бір әңгіме басталып еді, «Мастер и Маргаританың» авторы Бұлғаковтың аты тілге тиек болған. «– Оны кім білмейді?!» – деп, жұлынып біреу шыға келді! Бұлғаковты – Бұлғаков! – (әкелі-балалы айтыскерлер) деп жатыр әлгі «әдебиетші»!

Сөйтін, классикалық әдебиеттің мәселесі «айтысқа» айналып кетті...

Бұлғаков пен Бұлғаковты айыра алмай отырған қазақ оқырманына не айтуға болады? ФБ-дағы орыс пен қазақтың деңгейі осыдан-ақ көрініп тұр!

Отан

«...Теңіз шетінде қырдан домалап түскен нар тастар жатады. Теңіз толқыса – су ішінде, қайтса – құрлықта қалады. Ол тастың екі Отаны бар, бірақ, екеуі де оны мойындамайды...» (Оралхан Бөкей).

Қазақстандағы қазақ еместер секілді екен!

Адамзат

Жаратылыстың бәрі – ғажап! Бірақ, соның ішінде Алланың нұрына шомылған адамзат еді, бірақ, кейіннен ол да махаббат, гадилет сезімнен (Абай) гөрі қу дүниені жақсы көріп кетті...

Үш бесік

«Қазақ қандай данышпан халық! Талбесіктен – жербесікке дейінгінің бәрін мақал-мәтеліне түйіп қойған! Кеше қазақ-түрік лицейінің Наурыз тойында мен осы екі бесікке Арбесігі деген ұғымды қостым. Талбесікте тербеліп өсеміз. Арбесігінде тәрбие мен білім аламыз! Жербесігіне мәңгілік жайғасамыз...» деп жазды мені талантты бауырым Нұртөре Жүсіп.

Адам баласында үш бесік болады екен, Талбесік – Арбесік – Жербесік! Талбесікте – Сәби – Періште, – ата-ананың алдында; Арбесікте – Пенде – Азамат – Халқының алдында; Жербесікте – Марқұм – Аруақ – Алланың алдында тұрады! Ойландыратын сөз!

Меніңше, Арбесікті «Елбесік» десе, қатып кетер еді. Арбесік – Елбесік! Елбесіктен адам баласы ар-ожданнан жалғаны жарығына кірлетпей алып шыға ма, шықпай ма?!

Нұртөренің Үшбесігін тілдік айналымға жедел кіргізуіміз керек!

Еліктеу мен солықтаудың соңы

«Өзін бодан қылған (отаршы) елдің айтқанына көніп, айдағанымен жүрген сорлы ұлттың сорпа бетіне шығар «жақсылар» күндеріңді-күні өз халқының ата жауына айналады!» (М.Ганди).

Темірхан айтады

«Негізі шын ақындардан гөрі нашар ақындар көп. Ақын көп болмайды ғой. Абайдың тұсында, Мағжанның, Қасымның тұсында қаншама ақындар болды. Абайдың тұсында да қора мен қолының айналасындағы ақындар болған. Бірақ Абай бір өзі тарихта қалды. Негізі, шын ақындардан гөрі нашар ақындар көп. Оның бәрін уақыт сұрыптайды. Мәселен, Мұқағали, Жұмекең, Қадыр, Тұманбай дегеннен кейін сен өзің тосылып қаласың. Сол сияқты уақыт бәрине төреші. (Т.Медетбек. Вақ.кз. берген сұхбатынан).


Жазушы мен оқырман

Қазақстан Жазушылар одағында 700-дей мүше бар. Оның сыртында 7 мыңдай жазарман тағы жүр! Оқырман – жоқ! Меніңше, талантты оқырман – талантсыз жазарманнан мың есе артық!

(Жалғасы бар)

• «SARYARQA» ТЕЛЕАРНАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА – 65 ЖЫЛ

тұра тұр! Біріншіден, мен тоқалдан туғанын жоқ. Сен бәріннің қызмет дәрежесін айттың да, менің кім екенімді, қандай орден-ме-



Суретшік дереккөздерінен алынды

дальдармен марапатталғанымыды, қайда істейтінімді, депутат болғанымыды неге айтпайсың? Екіншіден, сен дайындық кезінде алдын ала айтқаның, 4 минут сөйлейсіз! – деп. Мен сонау 200 шақырым жерден келіп, екі минут сөйлеуім керек пе?! Жоқ, болмайды! Көп оттама! Қасымдағылар жымып отыр. Мен кешірім сұрап, қонақтардың көбірек сөйлеп кеткенін, хабарға тиесілі уақыттың аяқталып қалғанын айтып едім, қолың бірақ сермеді.

Тікелей эфирде болғандықтан айтқандары түгелдей естіліп жатыр. Содан соң, ағамыз көсіліп тұрып сөйлесің... Токтайтын түрі жоқ. Жоғарыда пульте отырған режиссер мен қарсы алдындағы операторлар «бір минут қалды, қалай да аяқта!» – деп қолдарын олай-былай ербентетіп, ескертіп жатыр. Көгілдір экраннан тікелей көрсетіліп жатқандықтан: «Аға, тоқтаныңыз. Енді болды!» – деп айтпай десен, ел-жұртқа сөзіміз

естіліп қалады. Далбасалап аяғын басып, тартып алады. Қолынан ақырын ұстасам, қырсық шал: «Тарт, қолыңды!», – деп сілкіп

тастады. Өбден есім шықты. Хабарды одан әрі созуға келмейді. Өйткені, сағат кешкі 19:00-де Алматыдан «Қазақстан» ұлттық арнасының «Сонғы жаңалықтары» берілуі тиіс, оны жабуға болмайды. Запаста болатын бірер минутымыз да бітті. Бір кезде сөз ретіне қарай аға шопанның әңгімесін үзіп жібердім де, «Осымен хабарымыз аяқталды!» – деп, қоспашы үлгердім. «...Ух..х!» – дедім, біткен кезде.

Иә, көрерменді күлкіге кенелтетін осындай «тосын сәттер» тікелей эфирде жиі болып тұрады.

Көзілдірігіміз көрдің бе?

Ақындардың көбі – аңқау келеді. Кейде бала сияқты не айтсаң соған сене кетеді. Белгілі ақын, қарағандылық қарымды қаламгер, журналист Базар Мамыр солардың қатарына жататын. Ол көп жылдар бойы облыстық телерадио комитетінде редактор болып жұмыс істеді.

Базар замандасымыз өмірінің соңғы жылдарында телеларнаның «Жаңалықтар» бағдарламасында жемісті қызмет етті. Орыс тіліндегі материалдарды керемет тәржімалайтын!

Бір күні Базкең түске қарай менің бөлмеме келді. Әңгімелесе отырып, біраз ақын-жазушылардың шығармасын тілге тиекті.

Арада бірер сағат өткенде Базар Мамыр коридорда кездесе кетті.

– Өзіме-өзім режіп келемін. Көзілдірігімді таппай жүрмін! Менде плюс қой, ол болмаса, текстерді оқи алмаймын. Бір сағат болды, іздемеген жерім қалмады. Біраз бөлмелерді сүзіп шықтым. Табылар емес! – деді антарылып.

– Барған жеріңнен көзілдірігіңді сұрадың ба?

– Жоқ! «Қоянды қамыс, ер-кекті намыс өлтіреді» дегендей, «Базкең қартайып қалған ба?» демесін деп, кірген бөлмелерге білдірмегенсің, көз қиымынан байқап шықтым емес пе?! – деді ағынан жарылып.

– Аудармаң не болды?

– Бітіріп тастадым!

– Базеке, онда негізгі жұмысың аяқталған екен, ендеше жұр кабинетке. Мен сенің көзілдірігіңді тауып берейін! – деп кабинетіме ертіп келдім. Көзілдірігің айтқанда, бала сияқты қуанып кетті. Бөлменің есігін ішінен кілттеп алдық та, екеуіміз жақсылап темекі тарттық.

– Қырсыққандай темекім де бітіп қалған еді, мынауың тәуір болды, – деді бір кезде Базкең темекі тұтқылың сөндіріп.

– Енді, жақсылап тұрып, бір-бір стақаннан шай ішейік, көп кешікпей «көзілдірігің де» табылып қалады! – дедім шай жабдығына кірісіп жатып. Өне-міне дегенше, сүт қосқан күрең шай

да дайын болды. Арасында әңгімемізді қайта жалғастырып қоямыз.

– Өлеке, «Жаңалықтардың» тексттерін аударамын деп жүріп, «обедке» баруды ұмытып кетіп-піл! «Басым неге солқылдап ауырып тұр?» десем, шай ішпеген екенмін ғой! Мына берген күрең шайың үйдегі Роза жеңгеннің шайынан артық болмаса, кем болмады! Рахмет, бауырым! Қанша айтқанмен, көзкөрген доссың ғой! – деп маңдайынан аққан терді алақанымен сүрте бастады.

– Қой енді, мен қайтайын. Көзілдірігіңді тауып алайын, – деп орнынан тұра бастады. Базкең кейде біреумен әңгімелесіп отырғанда «көзілдірігің» шашының үстіне көтеріп қоятын. Осы әдетімен бұл жолы да солай жасағанын өзі байқамай қалса керек.

– Көптен іздеген көзілдірігің «стөбеңде» тұр ғой! – дедім. Мен оны коридорда кездескен бетте-ақ байқағаным. Содан соң сәл демалсын! – деп кабинетке шақырған едім.

– Өй... осы... ұмышпақтық дегенді қойсаңшы! Мен мұны бір сағат іздедім! Қарамаған жерім қалмады, – деп Базкең басын қайта-қайта шайқап қояды.

– Базеке, қанша айтқанымен, қартая бастапсың ғой! Бірақ, әлі оған ерте! Шашыңның ағарғаны – ақыл-ойыңның толысқаны ғой! – деп інілік ізгі тілегімді білдірдім.

Арада екі жыл өткен соң Базар Мамыр туған жері Қатонқарағайға қыдырып барып, аяқ астынан қайтыс болды. Қабырына Сарыарқаның бір уыс топырағын салып қайттық.

Әлі ТОЙЖИГТТ,
Қазақстанның Құрметті журналисі

(Жалғасы бар)

• ТОСЫН ОҚИҒА

Қала ішінде қасқыр жүр...

Қарқаралы қаласына қасқыр кіріп, әуе ашық, күн жарықта адамдарға шапты. Таңертең жұмысқа бет алған қала тұрғынының үрейлі айқайы бар қаланы аяғынан тік тұрғызды. Жай айқай емес, қасқыр талап, жанына араша сұраған айқай. Тұз тағысы адам бар жерге, не пенденің иісі бар жерге жоламайды деуші еді. Қалаға дейін кіріп, адамын ала таңда талағанға қарағанда бір гәп бар.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аңыз бен әпсанада қайрат пен жігердің символикасы болған тұз тағысы сырт көзге, расымен де, таңғажайып. Алайда, оның адамға шабуылы жан түршіктіретін жағдай. Тіпті, жанын шүберекке түйіп, қасқырға қарсы қауқар қылу барысында да оның қимылына, бас терісіне қарап таңданбасқа болмас. Тап осы жағдай жәбірленуші, яғни, қасқыр азуынан аман қалған Қарқаралы тұрғыны Елена Чайкинаның басынан өтті.

– Тап бір қорқынышты кинодағыдай көрініс еді. Қазір есіме алсам, менің емес, басқа біреудің айтқан әңгімесі сияқты. Қорқынышты фильмдегі «Қасқыр адам» (оборотень) секілді ол тұра ұмтылып, маған қарсы шапты. Мен осының барлығын қашып бара жатып, көз қиығымен көріп келемін. Жүгіріп, көше сыртындағы екі қызды көріп, соларға қарай жан-тәніммен жетуге асықтым. Жете «қасқыр, қасқыр» деп айғайлап үлгердім. Олар да жан-жақтарына үрейлене қарап, аңтарылып тұрып қалды. Ақыры адам баласы болған соң, жаным сауға іздеген түрім ғой. Содан үшеулеп айғайлап үркітсек те, әлгі неме кетер емес. Әрі-беріден соң, қос аяққа тік тұрып, секіріп атыла бастады. Сасқанымнан мойнымдағы бөкебайымды шешіп, алдаусыратуға тырыстым, – деп еске алады қасқырмен арпалысқан Елена БАҚ өкілдеріне берген сұхбатында.

Бөкебаймен алдаусыратпақ болған құртқа қасқыр Еленаның алқымына секіреді. Осы сәтте қолымен қорғанбақ болғанда білегін қауып, шайнап жібереді. Білеудей азу білезік қана сияр білекті бір-ақ рет тістейді. Осы бір тістегеннің өзі Еленаның көзінен көз жасын бұрқ еткізеді.



– Қолымнан айырылдым деп ойладым. Қолымды қойшы, өлген жерім осы екен дедім. Бір кезде көзімді ашсам, қасымдағы қыздың білегіне жармасып жатыр екен. Қатты айқай мен тынымсыз қимылдарымыз оны одан сайын ашуландыра керек. Жанымдағы қыздың білек сүйегін сындырып, терісін жалбыратып тастады. Осы сәтте көше сырты-

на шыққан көлікті көріп, бәріміз соған ұмтылдық. Көлікке мініп, жанымыз аман қалды. Әйтпегенде, үшеуіміз де сол жерде жемтікке айналар ма едік, – дейді Елена Чайкина.

Расында, қасқыр шапқанда бір жемтігіне көп бөгелмейді. Ол әрқайсысын ұстап, тамақтап тастай береді.

Бүгін бір қаланы үрейге буган құртқа

мұнымен қоймай, ауыл малын да айналып өтпеген. Қала сыртына жайылымға шыққан он шақты қойды да қырып салған. Тіпті, қалаға қасқыр шапты дегенді естігеннен кейін сабақ онлайн режимге ауыстырылып, жұмысқа барар қызметкерлерге арнайы көліктер қарастырылған. Ақыры не керек, жергілікті тұрғындар



Сурет шығарушысы

• МЕРЕЙ

Үздіктер марапатталды

Облыстық дін бірлестіктер клубының қызметі биылғы жұмысын қорытындылады. Басқосуда осы тақырыпқа қалам тербеп жүрген жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері аясындағы байқау жеңімпаздары марапатталды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, байқаудың мақсаты – дін саласындағы мәселелерді көтеріп жүрген үздік журналистерді анықтау.

– Мақалалар мен әңгімелердің тақырыптарында мемлекеттік дін саясаты, зайырлы мемлекет қағидаттарын насихаттау, дін экстремизм мен терроризмнің алдын алу мәселелері қамтылуы керек. Қазақстан Республикасының «Дін қызмет және дін бірлестіктер туралы» Заңының нормаларына қайшы келмеуі, оның ішінде, мазмұнында белгілі бір дінді немесе олардың айрықшылығын насихаттау және дінаралық келіспеушілікті тудыратын, дін нанымдарының уәждемелері бойынша азаматтардың құқықтарын кемсіту элементтері болмауы тиіс, – дейді клуб модераторы Дмитрий Полтаренко.

«Үздік телерепортаж», «Интернет БАҚ-тағы үздік материал» және «Мерзімді баспа басылымындағы үздік мақала» аталымдары бойынша жеңімпаздарды облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын құттықтап, диплом мен ақшалай сыйақы сертификатын табыстады. Ерлан Бейсембайұлы БАҚ өкілдерінің жұмысының маңыздылығын атап өтіп, өңірдегі конфессияаралық қатынастарды нығайтуға қосқан үлестері үшін алғысын білдірді.

Жеңімпаздар арасында «Мерзімді баспа басылымындағы үздік мақала» аталымында ІІ орын алған «Ortalyq Qazaqstan» газеті бас редакторының орынбасары Қызғалдақ Айтжанова бар. Осы аталымда І орын «Индустриальная Караганда» газетінің аға тілшісі Светлана Свичке бұйырды. Ал, «Қоржынтүбек жаршысы» газетінің тілшісі Нұрғали Қарабеков ІІІ орынды иеленді.

«Интернет БАҚ-тағы үздік материал» аталымында «Temirtau tunysy» газетінің бас редакторы Нұрлыхан Қалқаманұлы үздік шығып, І орынды иеленді. ІІ орын «Среадом» ЖШС («Karaganda.kz») тілшісі Анна Дябинаға бұйырды. «LIFE09» ақпараттық агенттігі ІІІ орынға лайық деп танылды.

Телеарнадағы үздік репортаж аталымында І орынды «Новое телевидение» телеарнасында шығатын «Зеленая волна» телерадио бағдарламасының жетекшісі Жанар Елшібекова алды. «QAZAQSTAN» телеарнасы облыстық филиалының тілшісі Светлана Шульц болса ІІ орынға шықты. Ал, ІІІ орын – Лиана Жамлихановада. Ол да «QAZAQSTAN» телеарнасының тілшісі.

Бүгінгі таңда елде 18 конфессия өкілдері өмір сүреді. Аймақтың соның 15-і бар. Дін бірлестіктер клубы дін бірлестіктердің бастамасымен екі жыл бұрын құрылған.

Облыстық дін бірлестіктер клубы белсенді жұмыс істеп келеді. Бірлестіктің аталған байқауды бірнеше жыл қатарынан дәстүрлі түрде ұйымдастырып келеді. Бұл қалам иелерін ынтылдандыра отырып, тақырыпты тереңірек қаруай түсуге жетелейді.

Өйткені, дін – өте нәзік әлем. Мұнда білімділік пен ұқыптылық қажет. Дінтанушылардың пікірі, Қазақстан мұсылмандары дін басқармасының облыстағы өкілі имамы бастаған мамандардың құнды пікірлері мақалаларда орын алуы тиіс. Себебі, түрлі секталардың жетегінде кетіп, адасып жатқандар қаншама.

Сондықтан да, бұл бағытта жазылып жатқан мақалалардың өз оқырманы бар. Оқырмандар өздерін мазалап жүрген сауалдарға осы байқауға қатысып жүрген авторлардың мақаласынан жауап табуы сөзсіз. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта жалғасын табуына сенеміз.

«Байқауға қатысып жатқан және осы бағытта қысқартып мақала жазып, елдің сұранысын қанағаттандыруға үлес қосып жүрген журналистерге шексіз алғыс айтамыз. «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деп бекер айтпаған. Десе де, қазіргі таңда газет-журнал оқымайтын адамдар аз емес. Олардың аяғын аяққа тастауға болмайды. Әлеуметтік желілерде қаптап жүрген ҚМДБ тарапынан рұқсат етілмеген уағыздардың тыңдағандары, журналистердің зерттеп, көз майын тауысып жазған дүниелерін оқыған әлдеқайда тиімді. Өйткені, мұндағы ақпараттар мен деректер тексерілген әрі нақты. Журналистерге шығармашылық табыс тілейміз», – дейді қала тұрғыны Асылбек Сүлейменов.

• ТІЛСІЗ ЖАУ

Отшашу өртке бастайды

Жаңа жылда отшашудан талай адам зардап шегіп, түрлі өртке әкеп соғатыны жасырын емес. Аймақ тұрғындарын тілсіз жаудан сақтандыру барысында Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында облыстық төтенше жағдайлар департаменті мемлекеттік өрт сөндіру бақылау басқармасының бастығы Нұрлан Жақыпбаев қауіпсіздік шараларына тоқталды.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қытайда өндірілетін отшашудың түр-түрі мереке басталмай жатып, дүкен сөрелерінде қаптайтын еді. Қазір оның бірі де көрінбейді. Алайда, мектеп оқушылары сол жарылғыш заттарды алып, ойын құралына айналдырған. Салдарынан жылына біршама мектеп оқушысы жарымжан болып қалады. Сонымен қатар, күкіртті отшашу сауда үйлерінде, қоғамдық орындарда өртке әкеп соғады. Мамандар да мұнымызды растап отыр.

– Жарылғыш заттардың қауіптілігі сонша, адам өмірін де жалмап кетіп жатыр. Сондықтан, біздің қызметкерлер қала көшелерінде түрлі акциялар мен үгіт-насихат жұмыстарын үзбей жүргізуде. Әсіресе, алдағы Жаңа жыл қарсаңында мұндай жағдай көптеп кездеседі.

Тіпті, тұрғын үйлердің ішінде сақталған жарылғыш заттар қолдану мерзімі өтіп кетсе, өздігінен жарылуы не өртенуі мүмкін. Әрбір отшашу құрамында күкірт пен жарылғыш ұнтақ бар. Олар басындағы білтені тұтату арқылы жанады. Кейде сол білте су тиіп немесе ескірген соң адамдар оларды жарамсыз деп қоясып тастайды. Әрине, түрлі қоқыс арасында жанғыш зат көп болғандықтан бұл өртке әкеп соғады, – деді Нұрлан Жақыпбаев.

Мамандар мейрам қарсаңында балалардың қайда және нендей заттармен ойнап жүргенін мұқият қарап, қадағалау керектігін жеткізеді. Олардың сөзінше, өрт қауіпсіздігін алдын алу, алдымен, тұрғындардың жеке әрекеттеріне байланысты.



Сурет шығарушысы

• САҚТЫҚТА ҚОРЛЫҚ ЖОҚ

Теміржолда қауіп көп

Биыл 27 837 азамат теміржол бойындағы тыйым салынған жерлерді кесіп өткен. Кінәлілердің барлығы әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Жол ережесін қасақана бұзғандардың салдарынан пойыздар 1863 мәрте тежелуге мәжбүр болған. Бұл туралы polisia.kz хабарлады.

Былтыр 90 адамды пойыз басып кетіп, қаза тапса, 6 бала зардап шеккен. Өткен аптаның өзінде екі кісі осындай жазатайым оқиғаға тап болып, біреуі ажал құшты.

– Қайғылы оқиға теміржол бойындағы жаяу жүргіншілер жолында орын алып жатыр. Теміржолды кесіп өтерде аса қырағы болуы қажет, – дейді көліктегі полиция департаментінің басшысы Бақытжан Малыбаев.



Сурет шығарушысы

Б.Малыбаевтың мәлімдеуінше, қауіпті аймақтағы жазатайым жайттардың алдын алу мақсатында департамент қызметкерлері бүгінде теміржол ұйымдарымен бірлесіп, республикамыздағы пойыздар қозғалысы аймағында бірқатар шаралар өткізуде. Атап айтқанда, «Токта, соқтығыс!», «Теміржол – жоғары қауіпті аймақ!» тақырыбында жолаушыларға арналған ескертпе шаралары жүріп жатыр. Ақция аясында ұйымдастырушылар пойыз жолының бойындағы халықпен 2952 түсіндірме жұмысын жүргізген. Сонымен қатар, жолаушылар пойызындағы жолаушылармен 3136 кездесу өткізіп, білім беру ұйымдарында 3139 түсіндірме жұмыстары өткен. Дегенмен, тәртіп сақшыларының айтуынша, халықтың жауапсыздығынан теміржол нысандарында қауіпсіздік ережелері әлі де бұзылып жатыр.

Айтбала СҮЛЕЙМЕНҚЫЗЫ

Өз тілшімізден



• ТАНЫМ

«Жойылсын жалғыз сөз соғыс деген»

Ақын Олжас Сүлейменов 1975 жылы «Жазушы» баспасынан жаңа шыққан «А3 и Я. Ізгі ниетті оқырманның кітабы» атты еңбегінің бірінші «А3» бөлімін «Адамзатта бір ғана соғысқа жол беруге болады – олеңнің жалғаншы тарихпен соғысы» деген сөйлеммен аяқтайды.

Бүгінгі күні бізге ақын Олжас Сүлейменовтің «А3 и Я» еңбегінде жазылған «өлеңнің жалғаншы тарихпен соғысы» туралы тұжырымын терең оймен тексеруді міндет етіп отырған себебі – Заң.

Қазіргі заман – адамзат баласы күндестігі қозып, тайталасып тына алмай, телі-тентегін тыя алмай, тату-тәтті тыныш отыра алмай, тура жолды таба алмай жұрттықтан мүлдем кетіп бара жатқан зауал шақ.

Өткен күннен жеткен деректерге сүйенсек, адамзат ежелден, ес білген сәтінде бері толассыз соғысудан жалықпай келе жатыр. Бүгінгі күні де еркіндік, теңдік, татулық мұраттарын тәрк етіп, әлекке түскен әлемнің соғыс құмарлары бір тыныш таппауа.

Ақын Олжас Сүлейменовтің «А3 и Я» жазбасында сөз болған «Игорь полкі туралы сөз» (әрі қарай «Сөз») жиырының басты тақырыбы да – соғыс. «Сөзге» сенсек, 1185 жылдың көктемінде князь Игорь Северскийдің дала қыпшақтарымен қырғын соғысы болыпты-мыс.

Бірақ, басқа дәлелі мықты деректер «князь Игорьдың қыпшақтарға жеке өзі шауып, соғыс ашуы өмірде әсте болмаған және де сол кездегі қоғамда билік еткен себептер бойынша болуы мүмкін емес іс еді» деп отыр.

Көне жылнамаларда Черниговтік Игорь князьдер жүйесінде өз орнын, жолын білетін, билікке келер өз кезегін күткен көп әкім-қаранның бірі ретінде сипатталған.

Н.Карамзиннің Ресей империясының тарихы туралы еңбегінде 1198 жылы Черниговтік князь Ярослав қайтыс болып, оның орнына Игорь Северский ұсынылғанда «менсе других славилас кознодорожив» деп мінзедесе берілген. Сірә, Игорьдің басқаларға қарағанда «арам ойлы, өзгеге қастық қылған» адам ретінде жаман аты аса шықпаған кісі болар.

Рюриктен тараған үлкенді-кішілі князьдер ұлы Киев тақ-тәжі үшін бір халықты от пен суға бөліп, қырқыр боп болып, қидаласып жатқан кезеңде билікті арман еткен князь Игорьдың жалғыз өзі «жау қайдасын?» деп жеке шабуға объективтік мүмкіншілігі де жоқ-тын.

Ұлы князьдік билікке қол жеткізу ісінде кімге болсын, жеке басының байлығын, ержүректігі, саяси ептілігі арқасында қанан болған Білге қандай аға, Азбан ағынға мініп жау жағасын жұрттар Құлтегідей іні керек-тін.

Қайраты да, қаржысы да өлшеулі Игорьдің шағын князьдіктің билеушісіне қыпшақ даласымен екі ортадағы ежелден келе жатқан құдалалық, әскери-саяси бірлікті бұзуға шамасы да жоқ-тын.

Және де соғыс жолына түсу Игорьге қажеті де жоқ болатын. Қолынан келмес іске ұмтылса, азат басы құл боларын ол да білді. Жалғыз Игорь түгілі, ол кездегі барша Рюриктен жиналса да, Дешті-Қыпшаққа әлі келмес еді. Ұзақ, әлемдік соғыс жүргізе алар империялық дәрежеге олар тек 1721 жылы ғана қол жеткізген.

Игорьдің жалған жорығын кім жырласа да, жалған «Сөзді» не себептен жазса да, адалдыққа, әділдікке таза қиянат қылып, сөз сатқан поэзия жалғаншы тарих жасап шықты. Жалған тарихты жасаушы ақын – халықты адастырушы, алдаушы, адам аулаушы.

Қазақ әдебиетінің тарихында «Сөзді» қазақ тіліне 1941 жылы бірінші болып аударған Сәбит Мұқанов еді. Бертінде Б.Аманшин, Н.Айтовтар тәржімелеген. Біз де «Сөзді» қазақ тіліне өзіміз көне орыс тіліндегі мәтінінен тікелей аударар отырып, оның барша мән-мәнерін, мән-мәнісін ақтарып, әрбір сөзіннің шыққан түп-төркінін терең тексеріп көрдік. Нәтижесінде «Сөз» мәтінінің өз бойында да автордың соғыс болды деген тұжырымын жоққа шығаратын деректер барлығын анықтадық. Бірінші дерекке табылған «Сөздің» тұтас, бүтін дүние еместігін жатқызуға болар. Көпшілікке ұсынылған «Сөз» бір беймәлім көне шығармадан бөлініп алынған бірнеше бөлшектерден тұратындығы анық. 1797 жылы «Сөздің» көшірмесі табылғандығы жайлы хабарды әлемге бірінші болып таратқан Карамзин болатын. Карамзиннің жария сөз қылғаны 1787 жылы граф А.Мушин-Пушкиннің қолына түскен бума қағаз – қолжазбаның XVI ғасырда көшірілген бір данасы деп саналады. Табылу мен жария болу арасында бақандай он жыл өткен соң ғана жария етілуінде де жұмбақ сыр бар.



Алманияның Гамбург қаласын паналаған француз оппозиционерлерінің «Le Spectateur du Nord» журналының 1797 жылы қазан айының 10-шы нөмірінде басылған тарихшы Н.Карамзиннің орыс әдебиетіне қатысты «Un mot sur la Litterature russe» мақаласында «Игорь жауынгерлері» атты жырдың үзіндісі табылды» деген. Әдебиет теориясы мен тарихына жүйрік Карамзин мақаласында тайға таңба басқандай, ап-анық қып, тура «fragment» деп жазған. Фрагмент – үзінді, яғни, табылған жырдың қолжазбасы тұтас, толық, бас-аяғы бүтін шығарма емес, әртүрлі үзінділерден құралған, жағасы жұртылған, жаралы жәдігер.

Екінші дәлел болар дерек – «Сөз» мәтінінде орын тепкен: «ту пирь докончаша хробрни русичи: сваты попошша, а сами полегоша», біздің аудармада: «Қызыл қанға бөгіліп, Соғыста русич ері қырылды: Құдалар тойып араққа, қарашасы қан төкті. Орыс жері үшін». Жыр авторының «сваты» деп мензеп отырғаны – князь Игорь мен хан Кончак. Ертедегі тілде «сват – человек из своего круга» деген әлеуметтік-құқықтық мағына беретін, біздің «құдалалық» термині іспеттес. Қазақтың «Тең адам анда, текті ауыл құда» деген заң нормасынан «құдалалық» термині тарайды. «Құдалалық» терминіндегі «Kud» (kut) – өсімдіктің тамыры, қорек алатын түпкі бөлігі. Өсіп-өну формуласы. Алла Тағала адам баласын өсіп, өнсің деп жаратқан. Осы осу жолында туған терминдер: «Құда, тамыр, дос-жарық, қатын-балаң». Князь Игорь хан Кончакқа қарсы соғыс ашып, өз ұрпағының тамырына балта шабатындай ақымақ адам қатарынан емес-тін. Өйткені, князь Игорь Дешті-Қыпшақ елімен құдалдалы болған текті жұрттан.

Атасы Олег, әкесі Святослав қыпшақ қыздарына үйленгендіктен, қыпшақ – Игорьдің нағашы жұрты. Игорьдің алғашқы әйелі де қыпшақ болған соң, бұл ел – қайын жұрты. Игорьдің үлкен ұлы Владимир де қыпшақ ханы Кончактың қызын алғандықтан қыпшақ елі оған мың жылдық құда. Ертедегі ғалым Голубовскийдің дерегі бойынша, Игорьдің немересі Изяслав Владимирович бар уақытын нағашы жұртында өткізген. Князь Игорь шыққан Чернигов князьдігінде жалғыз князьдер ғана тұрмаған, ол жердің далалықтардың да мекені болғанын ескі жыр мәтіні де бекітеді: «Көрінбейді көзіме, Берік билік, алпауыт, қолы қалың, Бауырым Ярославль, Черниговтік Білгілер, Мықты, Татран, Қаңлы, Қыпшақ, Барын, Ал бөрі, Қайда ерлер жалаң төс, құр қол, қонышта тек пышағы, Аламандар жау жеңген, Атайман-сойлы ұрпағы, Атағы шыққан арғыдан». Жырдағы «Білгі, Мықты, Татран, Қаңлы, Қыпшақ, Барын, Ал бөрі» – бәрі-дағы байырғы қазақ рулары.

Ескі бір монастырьден табылды деген «Сөздің» көне шығарма екендігіне күмән келтіргендерге ақын Пушкин тойтарыс бере келе, жырдың сырын айтып-та қойыпты: «Қайдағы бір белгісіз князьдің, күмәнді жорығын өз жиырының тақырыбы қылып алуға кімнің (өз замандастарын айтып отыр) ойына келер еді». Алғыр Пушкин «Сөздегі» князь Игорьдың 1185 жылғы аттанысын «күмәнді жорық» деп тап басып дұрыс атаған. Пушкин біліп айтқандай, 1185 жылғы Игорьдың жолы қанды жорық емес, құдалық жолы еді.

Соныменен, «Сөз» авторының жоқ соғысты бар қылуының себебі қай тарап-та жатыр? Ақын не іздеді, қай жол, қай майданда жүрді? «Бәрекедді» дер серіктесі, сырласы кімдер еді? Оның бәрін бірақ Алла білері хақ.

Дегенмен, қалай айтсаң да, жалған-ның аты жалған. Жалған жырды «тарихи повесть» деп мемлекет тарихына қосқан Карамзиннің сөзі де жалған. Жалған жыр-дан жаралған жалған тарихпен соғысқан-

нан не пайда табасыз? Және де жалған тарихпен соғысуға жарарлық түзу сөздің ауылы қайда бар? Пушкин айтқандай, князь Игорь «қайдағы бір белгісіз князь» емес-тін, бұл князьдің ата-бабасы XI ғасырдан белгілі Черниговтік Ольговичтер болатын, шежіреде бір атасы Тмутаракань (салық төлеуден босатылған қала) еркін экономикалық аймаққа басшылық еткен, Лондонмен де сауда жүргізген. Арғы тарихта Черниговтік князьдердің ұрпағынан тараған деп саналатын князь П.Горчаков 1836-1851 жылдары Батыс Сібір генерал-губернаторы қызметін 14 жыл атқарған, Кенесары ханға қарсы жазалау әскерін жұмсаған патша қызметкері. Кенесары ханның көтерілісінен сенскенге князь П.Горчаков 1838 жылы үкіметке барлық сұлтандарды қазақ даласындағы атқарушы, әкімшілік ісінен, сот билігінен мүлдем аластатуды ұсынды. Халық көтерілісінен қорыққан князь Сібірдегі әкімшілік билікті империя чиновниктеріне тезірек өткізуді қалаған. Князь Горчаков бұрынғы төре сұлтандарды биліктен шеттетуге мақсатында олармен қатар сайлауға түсуге елге белгілі, беделді, қолынан іс келетін кісілерді тауып, ұсыну практикасын енгізе бастаған.

Князь Горчаков өз ұстанымын жүзеге асыру барысында Құнанбай Өскенбайұлы 1849 жылдың қазан айында Қарқаралы уезінің аға сұлтаны қызметіне тағайындайды.

Міне, осы князь П.Горчаковтың қолына 1847 жылы қырғыз жерінде қаза тапқан Кенесары ханның бас сүйегін көп манаптың бірі әкеп тапсырады.

Бұл қанды оқиға «Сөздегі» хан Кончакқа серігі Гзактың қыздарынан туған жиендері туралы айтқан сөзінің шындығына қысқанын еріксіз еске салады. «Сөз» мәтінінде князь Игорьдің соғысы сөзсіз аяқталып, өзі тұтқынға түскені айтылады. Шамалы уақыт өткенде амыл-тұлып қамаудан қашқан Игорьдің соғынан хан Кончак пен Гзак қуа шыққанда екеуі сыр айтқанды. Екі ханның сөзін өз аудармамызда беріп көрелік, тындаңыз-длар: «Бүй дейді Гзак Кончакқа: «Көксіл ұшса ұяға, Балапанын оққа байлайық». Тілі қатты Кончак оған: «Ұшысын қыран шәулі. Балғынын қызбен шырмайық». Кончакпен келіспей Гзактың дегені: «Басын оның қызбен байласақ, болмас бізде жаңа менен қыз-дағы, жиендер желкелер өз жерінде, жетер, жетер түбіне, түбінде өз Еліңде».

Гзак пен Кончактың айтып отырған «көксілдері» – князь Игорь. «Ұжсы» – Киев князі Святослав. Кончак Игорьдің баласына қыз бермек, ежелгі құдалалық әдетпен, уыстан шығармас үшін.

Автор Гзак пен Кончактың диалогы арқылы түркілердің құдалалық жолымен орыс кінәздерімен бірігу уақыты өткен, заманы біткен саясат екенін меңзейді. Гзак князьдердің тарихи-әлеуметтік дамуы жалғыз ғана Рюриктен бірлігіне тартып бара жатқанын бағамдай білген.

Бұрынғы бірлік бұзылды, ортақ, одақ орда күйрелді, ағайындықтан айырылды, жат болдық. Енді опа таппаймыз, жеке хандық құрайық, егемен, тәуелсіз болайық. Жиендер ержете келе желкелімді өз жерімізде қияды, түбіне жетеді депті.

«Сөз» жазған дәуірлерде князь да, хан да өз заманының заңына бағынғаны белгілі. Рюриктен тараған князьдердің бәрі-дағы так таласы майданында одақтас іздеп, күшті көрші елдің хандарымен құда болып, қыз алуға ынталы еді.

Өйткені, қыздың төркіні өздерінің жиендерінің билікке келуіне мүлделі болған соң өзіне одақтас болған күйеу балаларына қаржы мен қаруымен көмек беруге міндетті еді.

Бұл ежелгі заң бойынша тұрмысқа шыққан қызы тиісті мерзімінде дүниеге бала әкеле қоймаса, күйеудің қайын жұр-

ты қалың малсыз басқа бір қызын беруге тиіс.

Ғалым Бауэр, Сьезен Уайс «Көне әлемнің тарихы» атты еңбегінде осы заңға сай келетін мысал келтірген. Біздің дәуірімізге дейінгі 1760 жылы Ефрат өзенінің жағалауындағы Мари қорған-қаласының билеушісі Зимри-Лима өзінің үлкен қызын басқа егемен Иланшура қамалының басшысына ұзатады. Оның арманы дүниеге келетін жиендерінің Иланшура тағына жетуі болатын, оған дейін Иланшураның басшысы өзінің көп бәсекелесінің бірі емес, одақтасы болмақ. Алайда, үш жыл күткен жиендері дүниеге келуге асықпаған соң, Зимри-Лима кенже қызын Иланшураға әйелдікке қалың малсыз өткізеді. Ефраттық Зимри-Лима жиендерінің Иланшура тағына жетуін арман етсе, М.Мағауиннің «Аласапыран» тарихи-романындағы Абақал сұлтан: «Алмас қылыштың ақырғы сынығы едім, қу бас қалып барамын, тұқымым құрығалы тұр, Ұмай Ана жарылқаса, ұл болып туған алғашқы жиенімді бауырыма салсын, саба қымыздан шашырап төгілген тамшы болмас, есендікте өсіп ержетсе, менің атағымды алар, жұртыма иелік етер» депті. Абақал сұлтан жиеніне тағын, атағын, ел-жұртың бермек.

Ықылым заманнан келе жатқан бұл заң қазақ даласында XX ғасырда да салтанат құрған. Осы заңның нақты нормалары жайында «Абай туралы естелікте» айтылады (Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейі қорынан. Қаламгер Алматы 2018);

Абайдың әкесі Құнанбайдың Тайбала атты қарындасы бір алыс елге тұрмысқа ұзатылады. Аласапыран заман. Екі ел хабарсыз қалған. Тайбала бала көтере алмай жүрген соң, оның күйеуі басқа әйел алып, одан егіз ұл көріпті. Бұл жайды естіген Құнанбай құдаларының ісіне шағынып, сол елдің жері кенесіне жүгінді. Құнанбай заң нормасына сілтеме жасап, құдасына келесідей кіно қойған. Тайбала бала көтеруге қабілеті болмаса, төркіні оның орнына басқа қыз беретін еді. Қыз бермесе, не бере алмаса күйеу басқа жұрттан әйел алуға құқығы болған. Алайда, құдасы хабарластық іс қылғандықтан, екі егіздің біреуін Тайбаладан туған жиен есебінде Құнанбайдың асырап алуға құқығы бар. Құнанбай сол жолы егіздің сынарын ауылына алып келіп, өз бауырына басып, оны «Ізғұтты» деп атандырады.

Ізғұттының Құнанбайұлы болып жазылған фактіні біз Омбы архивіндегі «Құнанбай Өскенбаевтың» ісінен кездестірдік. Ол істе Ізғұтты – Құнанбаев деген ата-тегімен әйгілі. Жазушы М.Өуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында Ізғұтты Құнанбайдың ең сенімді серігі болып суреттелгені де жаңағы тарихи деректі бекіте түседі. Көне тарихтың анық ізі қалған ғылымға толы кітаптардағы деректерге ақыл көзін салсаңыз, қай заманғы елге барсаңыз да, алдыңыздан Алла Тағаланың адам баласы өсіп, өнсің деген сөзі тәтті, мәні түзу заңы шыға келеді.

Алланың адамзаттың үзілмес нәсіліне қалдырған осы заңының түпкі мән-мағынасы, қызметі – соғысқа тыйым салу. Өйткені, әркімнің өмір сүруге құқығы бар! Бейбіт күнде өмір сүру – Құдай берген құқық!

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас. Еш уақытта рас сөз жалған болмас». Жалғаны жоқ жаратушының заңына сай Өлеңге де соғыс ашуға жол берілмейді!

П.С. «Жойылсын жалғыз сөз соғыс деген»* – Жұмекен Нәзіметденов пен Шәмші Қалдаяқовтың «Бейбіт күн тілегі» әнінен алынған өлең жолы.

Марат АЗБАНБАЕВ

• МӘДЕНИЕТ

Қылқалам қылынан – ЫҚЫЛЫМҒА


Қарағанды облыстық бейнелеу өнері мұражайында Қазақстан Суретшілер одағының 90 жылдығы мен Қарағандының алдағы 90 жылдық торқалы мерейтойына арналған көрме ашылды.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Көрмеге танымал қылқалам шеберлері мен жас суретшілердің 120-ға жуық туындысы тартылған.

– Дәстүр бойынша жыл соңы Суретшілер одағының көрмесімен тәмамдалады. Бұл – есетік көрме, бір жыл ішінде жасалған көркем шығармашылықтың нәтижесі. Мұнда көптеген соны суреттер галереясы бар, – деп атап өтті мұражай директоры Бибігүл Құдабаева.

Еске салалық, Қарағандыдағы Суретшілер одағында 57 суретші мен өнертанушы бар. Олардың дені мемлекеттік наградалармен, халықаралық



Сурет облыстық ақпарат қызметінің алаңында

конкурстар мен фестивальдердің наградаларымен марапатталған.

– Бұл көрмеге Суретшілер одағының 15 шебері мен Қарағандының 17 суретшісінің жұмысы ұсынылды. Көбісі – жастар. Барлығы – 120 жұмыс. Олардың ішінде, менің үш жұмысым – «Қарағанды мегаполисі» екі коллажым және «Сарыарқа Солярисі» бар, – деді Сәулетшілер одағының мүшесі Владимир Троценко.

Көрме бағанында сәндік-қолданбалы өнерге ерекше мән берілген. Атап айтқанда, алғашқы халықтық колөнер – киіз басу.

– Менің киіз басу техникасындағы екі жұмысым осында. Біреуі – «Шопанның жүрегі» деп аталады, онда күннің батуы мен бір отарды киіз үйге айтап бара жатқан шопанның бейнесі бейнеленген. Екінші жұмыс – «Жайлаудағы таң». Таң алакеуім – менің сүйікті тақырыбым. Кескіндеме бірден бірнеше техникада орындалады: ең алдымен киіз басып, онымен бірге киізден кесте, кілем тігу. Жалпы, менің техникам киіз басудың ежелгі өнерін заманауи көзқараспен синтездеу, – дейді Еуразиялық Дизайнерлер одағының мүшесі Евгения Шульц.

Көзі көркем әлемді сусаған көрермен үшін көрме 25 желтоқсан дейін жалғасады.

Шарықта, асқақ музыка!

Сәкен Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театрында концерт өтті. Мерекелік кеш Ұлттық және симфониялық оркестрдің құрылғанына бір жыл толуына орайластырылды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Оркестрдің дирижері – халықаралық және республикалық конкурстардың лауреаты, Н.Тілендиев атындағы дирижерлердің республикалық байқауының бас жүлдегері Әбілқайыр Сағымбаев. Оркестрмен ән салған – Рысты Рақымжан мен театрдың талантты актері, әрі әншісі – Айдоос Нұрмағамбетов. Оркестрдің алғашқы концерті мәңгілік сағынышқа айналған тағдыры да, мұңлы махаббат әні «Келші, Айым!» атымен аталды.

Концерттің қоюшы-режиссері – театрдың көркемдік жетекшісі Айдын Салбан, идея авторы – театрдың басшысы Құрман Қалымов.

• БАЙҚАУ

Шоқжұлдыздың маңындағы көп жұлдыз

«Мағжан поэзиясының маржандары». Осындай атаумен Кеңшілер мәдениет сарайында Мағжан Жұмабаев оқулары өтті. Көркем сөз додасы ақынның 130 жылдығына орай ұйымдастырылды. Оған 13 пен 15 жас аралығындағы мектеп оқушылары қатысты.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мағжан Жұмабаев оқуларында Қарағанды мен Теміртау қаласының мектептерінен жалпы саны 20-ға жуық оқушы бақ сынады. Талап бойынша көркем сөз оқушылар Мағжан ақынның өлеңдерін нақышына келтіріп, мәнермен оқуы тиіс. Сонымен қатар, қазылар алқасы жатқа оқыған өлең санына да қарады. Байқауда 70-80 өлеңді жатқа төгілдірген талантты өрендер де бар. Қатысушыларға белгілі ақындар мен білім саласының майталмандары қазылық етті. Төрағасы – белгілі ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің ұстазы Салтанат Смағұлова. Төраға байқау жоғары деңгейде өтті дейді.

– Мағжан Жұмабаев – қазақ әде-



биеті деп аталатын бір тұтас ғалам- биік жырлары ұрпақтан-ұрпаққа ның шоқ жұлдызы. Оның шоқтығы жетуі тиіс. Оның сөзінде жалын

мен рух бар, елге, жерге, ұлтқа деген өлшеусіз махаббат жатыр. Мағжанның өлеңдерін жаттаған оқушылардың өнерін көріп, тәтті болдым. Осындағы әр қатысушы келешекте халқына шын ықыласымен еңбек ететін таудай тұлға болатынына сенім зор. Осы байқауды ұйымдастырған Кеңшілер мәдениет сарайы басшылығына алғыс айтамыз, – деді Салтанат Смағұлова.

Байқау қорытындысы бойынша I орын Алина Наурызбаеваға бұйырды. Оған 30 мың теңге ақшалай сыйлық табысталды. Жас талант Мағжан Жұмабаевтың 50-ден астам өлеңін жатқа біледі. Оқу мәнері де қазылар алқасының көңілінен шықты. Ал, II орын Нәзира Сарыбайға бұйырды. 20 мың теңгелік сертификат берілді. Жұлделі III орын Нұрзияда Сүндеттің қанжығасында. Жұлдегер 15 мың теңгеге ие болды.

ҚАРАҒАНДЫ
Суретті түсірген автор

• ҚҰРМЕТ

Ақановқа ат мінгізді

Айтас аламаньды өткір сөз, шынайы әзілімен, ұшқыр оймен кешегі Біржан сал менен Сара қыздың айтасының сарының Ақтоғайдың халқы ерекше ітпап көрсетіп, құрмет жасады. Арқаның атын асқақтатқан азаматты елі төбесіне көтерді. Дарын иесін «Домбыра» монументінің алдынан күтпін алған жұртшылық ән мен жырдан шашу шашты. Ақтоғай ауданының әкімі Руслан Кенжебеков арда азаматты құттықтап, астына ат мінгізді. Тағылымды шара ауданның мәдениет үйінде жалғасты.

Нұрдіс КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өнмен әрленіп, кестелі сөз, келісті оймен өрбіген кешті аудан басшысы Руслан Айткөпұлы ақын Мақсат Ақановқа Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы атағын табыстаумен бастады.

– Құрметті Мақсат Асылмұратұлы, сізді «Алтын домбыра-2023» республикалық ақындар айтасында топ жарып, оза шапқан жеңісіңізбен шын жүректен құттықтаймыз! «Қуана билегенге, құт келеді» демекші, осы қуанышқа ортақтасып жатқан баршаңызға алғысымызды білдіреміз. Мақсаттай алтын ұлды өмірге әкелген алтын құрсақты анамызға басымызды иіп, құрмет көрсетеміз. Қадірілі Мақсат Асылмұратұлы, бұдан былай да, ауданымыздың өнері мен мәдениетіне үлесіңізді қосып, ел сенімінен шығатындығыңызға сенімдімін! Тарихи жеңісіңізбен құттықтай отырып, Ақтоғай ауданы мәслихатының шешіміне сәйкес, Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы атағын табыстап отырмыз. Айтас аламаньдағы жеңісіңіз аудан ғана емес, Арқа жұртшылығы үшін зор мәртебе, – деді Руслан Кенжебеков.

Сонымен қатар, шара барысында «Тоқырауын толқындары» халықтық ән-би ансамблінің өнер-



паздары және дәстүрлі әншілер Сәттар Сәрсенқұлов пен Бекжан Әкей әулетіне ән сапды. Халықаралық және республикалық конкурстардың лауреаты Мадияр Сүлейменов күмбірлете күй төкті. Сондай-ақ, Мақсаттың айтасына, әсіресе, қыз бен жігіт айтасындағы айтқан әзілдеріне шолу жасалған бейнеролик көрермен назарына ұсынылды. Бұдан кейін сахнаға көтерілген ақындар Тіле-

ген Әділов, Айтбай Жұмағұлов, Дидар Қамиев сөздің майын тамызып, жырдан шашу шашып, кештің көрігін қыздырды. Қыз бен жігіт айтасының тамаша үлгісін көрсетіп, абзал қасиетті танытып, ел мен жердің, қоғамның келеңсіз жайттарын жырға арқау еткендігін қос ағасы Тілеген мен Айтбай тілге тиек етті. Дидардың арнауы жырға шөлкерген ақтоғайлықтардың айызын қандырып, көрермен-

ді серпілтіп тастады.

«Айтасындағы асыл домбыраны, Арқаға Асылмұраттың көзі алып келді» деген Дидардың жырмен әрі жалғасқан Айтбай ақын да жыр жаудырды.

Туыстарының тілегін жеткізген Қайрат Қошантаев, Дүйсен Мажманов және ақын-жазушы Серік Сағынтай, «Әлтеке Жидебай батыр» қоғамдық қорының президенті Бақытжан Әрінов ақынға ат мінгізіп, сый-сияпат жасады. Сарыарқаның Сары тентегі, ақын Қуаныш Мақсұтов та арғымақтай арындап, думанға жылған дүйім елдің ыстық ықыласына бөленді.

Ақынның есімін ұлықтауға арналған шарада «Тоқырауын толқындары» халықтық ән-би ансамблі шықпаған Амантай Жұмашовтың «Өн мекені – Ақтоғай» әні, Қойлыбай Асановтың сөзіне жазылған Дәуренбек Әрқеновтің «Арқаның алтын аймағы» әні, Абзал Бөкеевтің сөзіне жазылған «Ақтоғай – алтын бесігіміз» әні тыңдарманды тамсандырды.

Кеш барысында ақынды алқалаған жұртшылықтың алғысқа толы бата-тілектері, жылы лебіздері Мақсаттың мерейін өсірді. Әр сөзі қорғасын құйған сакадай алшысынан түсіп, жыр дегенде жүрісінен су төгілмес тарпаңдай басқан жоғардай жаңылмайтын ақын халқына алғысын өлеңмен жеткізді.

Тоқырауынның арнасы сумен емес, жырмен толысқандай болды. «Ақынның ұлықтаған ел бақытты» деген ұстанымды ұстанған аудан әкімі бұл бекзада өнердің кеші екендігін нақтылап берді. Оған игі шарадан қуана тарқасқан көрермен дәлел.

Ақтоғай ауданы
Сурет шараны ұйымдастырушылардан алынды

• ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАЛҚАНЫ

Отанды қорғау – абыройлы міндет

Жас ұрпақтың алдында әскери борышын орындау, өздерін нақты істе көрсету, мемлекеттің қорғаныс қабілетін нығайту жолында өз күштері мен кәсіби білімдерін қайда жұмсай білу керектігін айқындау жолы тұр. Жастардың бойында жоғары рухани-патриоттық сапа борыш сезімі мен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру бұл отбасы мен қоғамның атқаратын жұмысы. Өскелең ұрпақты патриотизм мен Отанға деген махаббат сезімінде тәрбиелеуге бағыт отбасынан бөлек мектеп қабырғасында берілетіні анық. Біздің мақтаншымызға айналған Бекзат Аскарбай бала күнінен сарбазға тән қасиетін көрсетті.



Ол құқтарушы болуды армандаған. Қашанда көмек қолын ұсынуға, қорғаныш болуға әзір тұратын. Бекзат Шахтинск технологиялық колледжінде төтенше жағдайлар тобында үш жыл білім алғаннан соң жоғары білім беретін Қарағанды политехникалық колледжінде оқуын жалғастырады. Өткен жылы әскер қатарына шақырылып, азаматтық борышын мемлекеттік күзет қызметінің Астана қаласында орналасқан №0112 әскери бөлімінде құрметті күзет ротасында өтеді. Әскерде жүріп, Қазақстанға іссапармен келген Мемлекет басшыларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге өзіне жүктелген міндетті мінсіз атқарады. Арнайы жаттығулардан нормативтік талаптарды орындай білген Бекзат Орынбекұлы жоғары шенді офицерлердің алғысына бөленген.

– Бір жыл көзді ашып-жұмғанша өте шықты. Аз уақыт ішінде көп нәрсені үйрендік, үлкен сынақтардан өттік. Әскер – біз үшін адам-

ды толығымен әр қырынан ашатын үлкен мектеп. Барлық әскери қызметшілерге сарбаздардың атынан шексіз алғысымызды білдіреміз. «Айбын президенттік полкі» №0112 әскери бөлімінің командирі, полковник Е.Гайса тарапынан Алғыс хатпен марапатталғанымна қуаныштымын. Қарулы Күштеріміз дами берсін, шақырылып, азаматтық борышын мемлекеттік күзет қызметінің Астана қаласында орналасқан №0112 әскери бөлімінде құрметті күзет ротасында өтеді. Әскерде жүріп, Қазақстанға іссапармен келген Мемлекет басшыларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге өзіне жүктелген міндетті мінсіз атқарады. Арнайы жаттығулардан нормативтік талаптарды орындай білген Бекзат Орынбекұлы жоғары шенді офицерлердің алғысына бөленген.

Жақында ғана әскерден оралған ол Шахтинск қалалық төтенше жағдайлар бөліміне қызметке тұруды жоспарлап, қажетті құжаттарды әзірлеп жатқандығын мәлімдеді. Сонымен қатар, жастарымыз әскери борышын өтеуге қаймығып емес, қанаттанып аттануы керек екендігін жеткізді.

Ақылбек БАЙЖҰМАНОВ,
Шахтинск қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің басшысы,
подполковник,
ШАХТИНСК

• МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

Көптен күткен көрме

Облыстық бейнелеу өнері мұражайы музейдің зал қараушысы Моғубат Адыгезаловтың туындылары қойылған ерекше «Алғашқы» тақырыбындағы жеке көрмесін ұсынды. Келушілер автормен жақсы таныс. Десе де, оның суретші екенін елдің бәрі білмейді.

«Бұл – суретшінің жауапкершілікпен дайындаған алғашқы және көптен күткен көрмесі. Үнемі суретшілермен тығыз қарым-қатынаста бола отырып, Моғубат өзінің жеке көрмесі үшін біртіндеп, пісіп-жетілді. Оның пейзаждары лирикаға толы, әрі жеңіл. Кавказдың әсем жерлері, Бурабай сұлулығы, жай қиял-ғажайып – барлығы автордың жан дүниесінің бір бөлігіндей», – деп атап өтті ұйымдастырушылар.

Экспозицияға жүзден астам

жұмыс қойылса, оның негізін акварельдер құрайды.

Моғубат Адыгезалов Грузияда, Дманис ауданы Шиндилар ауылында туған. Баку техникалық училищесін «Витражист. Жарнама және безендіру жұмыстарының суретшісі» мамандығы бойынша тәмамдаған. Ол Дманиси мен Бакуде дизайнер болып жұмыс істеп, Қарағандыға 1980 жылдардың соңында көшіп келеді.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

• БӘРЕКЕЛДІ!

Жас өрендер жарады

Астанада қараша айында бастау алған республикалық «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалі өз мәресіне жетті. «Жас Сарбаз» республикалық әскери-патриоттық қозғалысының құрылғанына 5 жыл толуына арналған өнер додасында Приозерск қаласының жас өрендері олжалы қайтты. «Фольклор» номинациясы бойынша Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Құрлық әскерлері «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлеріне қарасты 06708 бөліміндегі «Жас зеңбірекші» әскери-патриоттық клубының тәрбиеленушілерінің қатарынан өнер көрсеткен «Әуен» домбырашылар ансамблі жұлделі үшінші орынды қанжығалады.



Нұрдіс КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Бәсекеде бақтарын сынаған өнерпаздардың көп болғанына

рамылар ансамблі сахнада қазақ халқына танымал күйші композитор Нұрғиса Тілендиевтің «Әлкисса» күйін нақышына келтіріп, тамаша орындап шықты. Нәти-

жесінде, талантты өнерпаздар «Фольклор» номинациясының қорытындысы бойынша Кеңес Одағының Батыры, Қазақстан Республикасының бірінші Қорғаныс министрі, еліміздегі тұңғыш «Халық Қаһарманы» атағының иегері, армия генералы С.Нұрмағамбетов атындағы әскери колледжінің «Жас қыран» тобы мен Орал қаласының №41 мектеп-лицейінің өнерпазы А.Махсұтты алға жіберіп, жұлделі үшінші орынды қанағат тұтты. Жас таланттардың өнерлері өрге орлап, осылай жоғары деңгейде бағаланып жатқанына қуаныштымын. Жұлдегерлерді сахнаға дайындаған «Әуен» домбырашылар ансамблінің жетекшісі Айман Нұртаеваның еңбегі зор, – дейді «Жас зеңбірекші» әскери-патриоттық клубының жетекшісі Тілек Кенжебеков.

Айта кетейік, байқауда «Әуен» домбырашылар ансамблінің құрамындағы клуб тәрбиеленушілері А.Ерболат, Ә.Нуртаева, А.Болатбай, Г.Бақытжанқызы, Н.Сәбит, Д.Жексенұлы, А.Амантай, Д.Дәулет, М.Қайратқызы, Е.Досмұрат, Б.Төлеухұл және А.Науанның күй тартқан өнерлеріне көрермен тәтті болыпты.

ПРИОЗЕРСК
Суретті түсірген автор

Е.Бөкетов Қарағанды университетінің экономика және заң факультеттері түлектерді бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:

«IT-кәсіпкерлік және цифрлық экономика», «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау» (информатика + математика), «Экономика» (докторантура бар), «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Мемлекеттік және жергілікті басқару» (докторантура бар), «Маркетинг және SMM», «Логистика», «Мемлекеттік аудит», «Әлемдік экономика», «Кәсіпкерлік және жобаларды басқару» (география + математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география + шет тілі), «Құқықтану» (докторантура бар), «Халықаралық құқық», «Сот және прокурорлық қызмет», «Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу», «Қылымстық кірістерді жылыстауға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және экономикалық қауіпсіздік», «Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету», «Бизнесі заңдық қамтамасыз ету», «Жеке құқық» (дүниежүзі тарихы + адам, қоғам, құқық). Мемл.лицензия: KZ83LAA00018495, «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» 28.07.2020 ж. берген, тел.: 8(7212)35-64-05, https://buketov.edu.kz/, priemka@ksu.kz №647

Қарағанды Шинсервис ШИНАЛАР Арнайы диллер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росава» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ

• жеңіл автокөліктері үшін
• жеңіл жүк көліктері үшін
• тракторлар және ауыл шаруашылығы техникалары үшін
• арнайы техникалары үшін

Біз ағамың ШИНАЛАР САТПАЙМЫЗ, БІЗ АРАҒАҒА БАҒАҒА САТАМЫЗ

Қарағанды қ.қойма:Асфальтты көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1
тел. 8(7212) 97 20 27; 8 707 80 35 800



• БОКС

Рух және ринг

Қарағандыда жыл сайын Қазақ КСР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Ғалым Жарылғаповты еске алуға арналған турнир өткізу дәстүрге айналған. Еліміздің және шетелдің «менімі» деген боксшылары осы бәсекеді басым түсуді армандайды. Биылғы XXXIX халықаралық турнирде Қазақстанның және Куба мен Марокко, Ресей, Түркия, Ирак пен Өзбекстан мықтылары келді. Доданың ашылуына облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын қатысты.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Турнир 17-21 желтоқсан аралығында былғары қолғаптың хас шеберлерін анықтады.

Осы жолғы турнирде 48 келі салмақ дәрежесінде жүдырықтасқан Ұлттық құрамның өкілі Теміртас Жүсіпов алтын алды. Ол Абай облысынан келген Ернар Қараптан айналысып асырды. Ал, 51 келі салмақ дәрежесінде кубалық Жоуфис Салфран үздік болды. Ол ақтық сында Шымкент қаласының намысын қорғаған Рысхан Тәліпті ұтты. 54 келіде қарағандылық Кәрім Серкебаев тұғыр биігінде. Кәрім спортқа 12 жасында келген. Содан бері 126 рет рингке шығып, жүз алғысында жеңіске жетті.

– Турнирде топ жарғанымға қуаныштымын! Мен үшін зор мәртебе! Жеңіс тұғырынан көріну үшін біраз тер төктім. Қарағандыда өткен оқу-жаттығу жиындарында Кубадан, Өзбекстаннан келген үздік боксшылармен спаррингтер өткіздім. Мол тәжірибе жинадым. Рингте жарқырау үшін әлі де айналып өңбектенемін. Бапкерлеріме, жаттығу залындағы достарыма мың алғыс. Келешекте ел намысын халықаралық аренада қорғағым келеді,



– деді Кәрім Серкебаев.

92 келі салмақ дәрежесінде қарағандылық Нурмағамед Юсупов жартылай финалда Куба жауынгері Алверто Пересті нокаутқа жіберді. Бұл – турнирдің ең жарқын жеңістерінің бірі.

Жалпы, турнирдің басы-қасында жүрген Ғалым Жарылғаповтың ұлы Нұрғазы Жарылғапов қазақстандық боксшылардың деңгейі жыл сайын көтеріліп келе жатқанын атап өтті. Бізбен бірге бүгінде халықаралық рингте Кубадан бөлек, Өзбекстанның да атой салып жүргенін айтты. Яғни, бәсекелестік артуда. Ал, сол мықтылардың сапынан түспеу үшін, жас боксшыларға көп көңіл бөліп, жағдай жасау қажет дейді. Кейінгі кезде Ұлттық құрамада қарағандылық боксшылардың көрінбеуі – көптең көкейінде. Нұрғазы мырзаның осы мәселеге қатысты өз айтары бар.

– Ұлттық құрама Қарағандыға мойын бұру үшін біздің боксшыларымызға тек жеңіс қажет. Өкінішке қарай, біздің жігіттер жарқырай алмай жүр. Әлбетте, осы тұста таяқтың бір ұшы бапкерлерге тиеді. Олар жанғалы тұрған жұлдыздарды жаға алмай келеді. Бар болғаны осы. Жас бұынға көңіл бөлуге тиіспіз. Әйтпесе, Ұлттық құрамадан Қарағанды боксшысын көру – қиынға соғады, – деді Нұрғазы Жарылғапов.

Осы турнирде 2020 жылғы Олимпиада чемпионы, екі дүркін Әлем чемпионы Еуропа ойындарының чемпионы, Түркияның атакты боксшысы Бусенас Сюрмелели жүдырықтасқан еді. Бірақ, жүлдеге іліге алмай қалды.

Сурет шараны ұйымдастырушылардан алынды

• СТРИТЛИФТИНГ

Мәскеуде мерейі тасыды

Жерлестеріміз, Шахтинск қаласының білекті жігіттері Руслан Фатахов пен Дмитрий Именченков стритлифтинг спортшына Мәскеуде өткен Әлем чемпионатында бес медаль жеңіп алды.

Оның төртеуі – Руслан Фатаховта. Стритлифтер төрт номинация мен екі жас санатында өнер көрсеткен (жасөспірімдер және ашық).

– Зілтемірлерді итерудегі бұрынғы нәтижеміді жақсарттым. Барлығы 35 рет тартылдым. Қосымша салмақ 35 килограммен 22 рет тартылдым. Алдыңғы рекорд – 19. Осылайша, төрт медаль жеңіп алып, екі әлемдік рекорд орнаттым. Сонымен қатар, салмақ пен жас санатына қарамастан федерацияның абсолютті рекордтарын орнатып, жеті дүркін стритлифтинг бойынша Әлем чемпионы атандым, – дейді Руслан Фатахов.

Алып күш иесі халықаралық дәрежедегі спорт шебері нормативін растады әрі асыра орындады.



• ХОККЕЙ

Апта үздігі – Баженов

«Pro hokei ligasy» сайтының апталық рейтингісінің нәтижесі бойынша «Сарыарқа» хоккей клубының шабуылшысы Никита Баженовтің «Торпедо» клубының қақпасына ерекше түрде соққан шайбасы өткен аптаның «Үздік голы» деп танылды.

Қарағандылықтар сырт алаңда «Торпедомен» өткен екі ойынның біріншісінде 5:0 есебімен жеңісе, қарымта кездесуде 2:4 есебімен жеңген еді. Никита екінші кездесудің бірінші айналымында гол соғып, таразы басын теңестірген.

«Сарыарқа» шабуылшысы Сайко Владислав қарсылас қақпасына алыстан соққы жасады. Қақпашы қайтарды. Келесі соққыны Пальмтаг Константин жасады. Шайба қақпашыға тиіп, тағы кері қайтты. Оң қапталдан желдей есіп жеткен Никита шайбаны ашық тұрған оң бұрышқа топ еткізеді. Жанкүйерлерінің қолдауымен жерлесіміз аптаның «Үздік гол» авторы атанды.



• ВОЛЕЙБОЛ

Ауыл жастары алда

Балқаш қаласында спорт ардагері Қазбек Ежабаевты еске алуға арналған XVI волейбол турнирі өтті. Дәстүрлі сайыс биыл жыл қорытындысы ретінде өткізілген.

Ұйымдастырушылар Қарағанды, Теміртау, Балқаш қалалары мен Ақтоғай ауданының спортшылары қатысқан жарысқа қызығушылардың саны артып келе жатқанын айтады. Бастапқы кезеңде 8-10 команда өтінім берсе, биыл турнирде 16 команда бақ сынасқан.

Сайыс қорытындысында, Сарытерек ауылының екі командасы бірінші орынды иеленді. Екінші орынға Теміртау қаласының спортшылары жайғасса, үшінші орын Қарағанды қаласының командасына бұйырды.

Дайындаған
Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

• «ӨЛДІ ДЕУГЕ СЫЯ МА, ОЙЛАҒАНДАРЫ...»

Сейілді еске салған кеш

Сұлу әнге адал болып өткен Сейіл жүректің дамылдағанына бір жыл. Алты ішекті гитарасын қолына алып, «Таң самалынан» бастап, тек есті әндерді шырқайтын Сейілді елі шын пейілімен сағынған екен. Мұны Қарағанды облысы әкімдігінің қолдауымен өткен қазақтың аяулы әншісі Сейіл Аяғанды еске алуға арналған «Сұлу ән, саған адалмын!» атты кешке жиналған қауымның қарасынан аңғарды. Жаңа Майқұдық Мәдениет үйінің концерт залына келген көрермен сыймады. Тік тұрып, тамашалады. Бұл – шын талантқа көрсетілген тағзым, ән құдіретіне көрсетілген құрмет.

Қасымхан БҰРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кеш шымылдығы «Таң самалын» шырқаған Сейіл Аяғандың бейнебаян үзіндісімен түрлі. Сахнаға көтерілген «Арай» квартеті әнді жалғады.

Ақын Серік Сағынтайдың «Арқадан Сейіл кетті, Сержан қалды», деп аяқталатын өлеңі бар. Сейіл қазақтың бүгінгі Әміресі атанған Сержан Мұсайын бауырының таланттың шын пейілімен бағалады. Сол күміс көмей бауыры Лия Жақановтың «Бұлбұл еді» әнін шырқады.

Сейілдің мезгілсіз қазасынан соң әлеуметтік желіде түрлі шерлі өлеңдер жарияланды. Арқаның бір топ ақыны әншінің ғажап болмысын сөзбен суреттеп, жоқтады. Кеште Серік Ақсұңқарұлы, Қойлыбай Асан, Тілеген Әділов, Серік Сағынтай, Руслан Нұрбай, Қайрат Аскар, Сұлтан Дәулетхан, Айбек Байтөре өлеңдерін тебіреніспен оқыды.

Дәстүрлі әннің дүлдүлдері Ержан Барзбек «Сурет сырын» шырқаса, Дәуренбек Әрқенов «Меңді қыз» әнін тамылжыта орындады.

Сейілдің ән-қоржыны бай еді. Арқаның қос жұлдызы Амангелді мен Зағыпран «Таңғы тілегім», Ержан Найманбай «Сағынышым менің» әнін, Арайлым Жүкенова «Жіберілген хатын», Шыңғыс Сәрсенбай «Ән-домбырасын», Ербол Алшынбай «Бал сезімін» шырқады. Мұның бәрі де Сейілдің сүйікті әндері еді.

Кешке Алатау төрінен аяулы досы, өнер жұлдызы Роза Әлқожа келді. Әдемі дүэт болып, әсем ән шырқаған кездерін сағынғанын әуенмен жеткізді. Өнердегі ағасына арнап шығарған «Сейіл-жүрек» әнінің тұсауын кесті.

Мұрат Қоңыр, Бақытжан Рахымжанов, Саян Мұздыбай, Сейіл Боқаев сынды әнші дос-бауырлары да сахна төрінен табылып, көрерменді әнмен тербеді.

Ғажап әнші «Жас қаламымен» көпшіліктің жүрегіне жол тапқан еді. Репертуарындағы бұл әннің де шоқтығы сөзсіз биік. Кезінде осы әнге бейнебаян түсіріп, «YouTube» желісінен 5 миллионнан аса қаралым жинаған еді. Кешті осы әнмен түйіндеген танымал әнші жұл Қуаныш пен Гүлзар көрерменді орнынан тұрғызып, қол соқтырды.

«Сейілді сонау тоқсаныншы жылдардан бері аға ретінде, дос ретінде, өнерпаз ретінде білетік едік. Әншінің мезгілсіз қазасы бәріміздің жүрегімізге батты. Сейілдің екінші өмірі басталды деп жатыр.



Ағамыздың әнінен басқа айтар әңгімесі жоқ-тың. Әнге, өнерге адал еді. Қайда жүрсе де ән ғана айтатын. Жақында тұрған үйіне ескерткіш тақта орнатты. Келер жылы республикалық «Сейіл салған әндер-ай...» атты өнер кешін жоспарлап отырмыз. Сейілдің әндерін жинақтап, альбом етіп, шығару ойымызда бар. Сейілдің ізін басқан шәкірттері аман болсын», – деп жылы лебізін білдірген облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын әншінің асыл жары Қымбат Түсіпбекова мен аяулы әнші Роза Әлқожаның иығына елдің атынан қамзол жапты.

«Сейіл ағамызды еске алу кеші – әншінің шығармашылығын насихаттаудың бастауы. Келер жылы көктемде ән фестивалін өткізбекпіз. Әнші ағамыздың барлық өнердегі достарына ризашылық

негері Серік Ақсұңқарұлының «Сейілдің гитарасы» атты өлеңі. Осы бір өлең жолынан-ақ Сейіл әншінің аты аңызға айналатынын оңай аңғаруға болады.

Көпшілік кештен «Шіркін-ай, Сейіл салған ән қандай?!» деп, қимай тарқасты. Ел жүрегіндегі өнер иесі мәңгі жасайды.

Суреттерді түсірген
Ерасыл БАЗЫЛОВ

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБИЛДА**
Директордың орынбасары –
«Индустриальная Караганда»
газетінің бас редакторы –
О.В. МЯГКИХ
Директордың орынбасары –
Г.Ш. ЖУМАДИЛДИНОВА

Бас редактордың м.а. –
Қ.А. АЙТЖАН
Бас редактор –
Е.К. МҰСАБЕК
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет. Балқаш,
Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (®)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігіннің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВР00030163 күәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: ks50826MOKZTD2003131,
БИК КСЖВКЗХХ БИН 000840001412

Таралымы 4 395

№ 143 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Кәлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Салтанат ШИЯШ**